



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№167  
(20641)



2 қараша, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy\_kz/

www.instagram.com/syrboiy\_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ



## ФРАНЦИЯ – ЕУРОПА ОДАҒЫНДАҒЫ СЕНИМДІ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Президенті Эмманюэль Макронмен келіссөз жүргізді.

Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қаруының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің аңрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Екіжақты кездесуден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Франция Президентінің Астанаға алғашқы сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытуға тың серпін беретінін және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

Франция – Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Былтыр өзара тауар айналымы 30 пайызға өсіп, 4 миллиард долларға жетті. Биылғы сегіз айда екіжақты сауда-саттық көлемі өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға артты, яғни 2,7 миллиард долларды құрады, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Франция бұған дейін ел экономикасына шамамен 18,7 миллиард долларға жуық инвестиция салған.

2-бет

## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚОҒАМ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықтың шамадан тыс несие алуын азайту, Қазақстанда туризмді одан әрі дамыту мәселелері қаралды.

Жиынға қатысушылар Қарағандыдағы Костенко шахтасында қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. ҚР Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов апат

себептерін зерттеу және зардап шеккен отбасыларға көмек көрсетуде қолға алынған шараларды бағанды.

2-бет

## ● БАСПАСӨЗ – 2024

## Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу наұқаны басталды.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.



## САПАР

## БІРЛІКТІ ҮНДЕГЕН ЕЛДІҢ КӨШІ ІЛГЕРІ

Сейсенбі, сәрсенбі күндері облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал, Қазалы аудандарына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік нысанның ашылу рәсіміне қатысты және тұрғындармен кездесті. Сапар барысы туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі жариялады.

## САПАСЫЗ ЖОЛ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ

Аймақ басшысы алдымен «Қызылжар» елді мекеніне кіреберіс автомобиль жолын жөндеу жұмысымен танысты. Бас мердігер «Аван құрылыс» ЖШС жұмысты 2022 жылдың тамыз айында бастаған. Алайда жол сапасы сын көтермейді.



– Өздеріңіз көргендей, сапасыз өте нашар. Бұл жобаға мемлекеттің қаражаты бөлінген. Президент қамқорлығының арқасында Сыр өңіріне, оның ішінде Аралға ауқымды қаржы бағытталды. Бірақ жұмыстың нәтижесі – осы, яғни сапасыз жол. Арал ауданының

әкімі Серік Сағитжанұлы, мына жолды қабылдау керек. Осы жерде құқық қорғау органдарының басшылары да бар, заңдылығын тексеруі тиіс. Жұмыс барлық талаптарға сай, адал атқарылғанда ғана сапалы болмақ. Мына жолдың әсіресе, бас жағындағы 5-6 шақырымды ертең көктемде-ақ сыр береді. Сондықтан бұл жол қайтадан жасалған соң ғана қабылданады, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі қажет болса, жол құрылысының басына арнайы зертхана әкеліп, жұмыс сапасын сараптамадан өткізуді, оған мамандарды тартуды тапсырды. Сол кезде кемшіліктер дәлелденіп, ашып көрсетіледі.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қолға алынған дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен танысты. Нысан таяу арада пайдалануға берілмек. Гимарат ішінде дәріхана, оқшаулау бөлмесі, зертхана, физиотерапиялық емдеу бөлмесі, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті, егу бөлмесі қарастырылған.

2-бет

## ГАЗ ТҰТЫНУДЫҢ ТАЛАБЫ КҮШТІ

Кейбір тұрғындар өрт және газ қауіпсіздігін сақтауға келгенде салғырттық танытады. Осының салдарынан еліміздің бірқатар өңірінде адам өмірін қиған қайғылы оқиғалар тіркелді. Абай облысының Аягөз қаласында газды дұрыс пайдаланбау салдарынан төрт бала қаза тапса, Шымкент қаласында бір отбасы мүшелері түгелдей көз жұмды. Өте өкінішті. Қысқасы, тұрғындар «көгілдір отынды» пайдалану қауіпсіздігін қатаң сақтауы қажет.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»



Облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков мәлімдегендей, мамандар жыл сайын жылу беру маусымы басталар алдында тұрғындар арасында түсіндірме жүргізеді. Оған салғырт қарауға болмайды. Бұл – адам өмірі, денсаулығы, мүлкті және қоршаған ортаны өрттен қорғауға деген жауапкершілік.

– Былғы жылу беру маусымында облыстағы тұрғын үй секторында 13 өрт оқиғасы тіркелген. Ол өткен жылдың

осы кезеңінде 31 жағдайды құраған еді. Өрт оқиғасынан қаза болу, жарақат алу және улану фактілері тіркелген жоқ. Өкінішке орай, былтыр 2 адам қаза болды. Аталған оқиғалар көптеген жағдайда тұрғындардың өрт қауіпсіздік шарасына салғырт қарауынан туындайды. Тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеу, балаларды қараусыз қалдыру секілді келеңсіздік орны толмас ахуалға әкелуі мүмкін, – деді А.Оразбеков.

Фотос: Аманжол Әбдіраманов

5-бет

## БОЛЖАМ

Қараша айында облыста жел, тұман күтіледі. Айдың аяғында көктайғақ болуы ықтимал. Бұл туралы «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының бөлім басшысы Айгерім Жөкелова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

## ҚАРАШАДА АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Қарашада облыстың басым бөлігінде орташа ауа температурасы 0°, +4° шамасында болады. Ал облыстың солтүстік бөлігінде мөлшер шамасынан +1 градуска жоғары болады деп күтілуде.

– Бірінші онкүндіктің соңына дейін облыс бойынша жауын-шашынсыз ауа райы орнайды. Ауа температурасы түнде 0°+5° жылы болса, күндіз +10+15 градус жылы. Облыстың оңтүстігінде +18 шамасында болады. Онкүндіктің аяғында, 6-7 қараша күндері облыс бойынша ауа температурасы сәл төмендейді. Түнде 0-5 градус аяз болса, күндіз +5°+10° жылыға дейін төмендейді. Онкүндіктің аяғында облыстың солтүстігінде және орталығында жауын-шашын күтіледі, – деді Айгерім Жөкелова.

Екінші онкүндікте ауа температурасы аздап төмендейді.

«СБ» ақпарат



Фотос: Аманжол Әбдіраманов

## ФРАНЦИЯ – ЕУРОПА ОДАҒЫНДАҒЫ СЕНИМДІ СЕРІКТЕС

– Екіжақты экономикалық қарым-қатынастар, соның ішінде ауыл шаруашылығы, энергетика, жаңартылған энергетика салаларындағы байланыстар алдағы уақытта тың серпінмен дамиды деп ойлаймын. Біз бұрынғы жобаларда да, жаңа бастамаларда да инвестиция салуды қолдаймыз. Бүгін өте өзекті мәселелерді талқыладық. Бұдан бөлек мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымыз да қарқынды дамып келеді. Білім-ғылым салаларында нақты келісім бар. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақ-француз университеті өз жұмысын бастайды, – деді Франция Президенті.

Сонымен қатар екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге қатысты тұрақты қарым-қатынастың маңыздылығына назар аударып, халықаралық ұйымдар аясындағы диалогты тереңдетуі қажет екенін атап өтті.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эмманюэль Макрон бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында сауда, экономика және инвестиция салаларындағы ықпалдастықтың ауқымын кеңейтуге бас мән беріліп, шикізат, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, жеңіл өнеркәсіп, денсаулық сақтау, инновация, қаржы және басқа да секторларда тың жобаларды қолға алу маңызды екені атап өтілген.

– Бұл, әсіресе, қазіргі күрделі геосаяси және геэкономикалық ахуал кезінде аса өзекті. Осы ретте Стратегиялық минералдар саласындағы ынтымақтастық ниеті туралы декларацияға қол қойылды. Сондай-ақ Boehringer Ingelheim, Total Energies, Alstom компанияларымен келісімдерге қол жеткізді. Оған жаңа ғана өздеріңіз күү болдыңыздар. Бұл келісімдер екі ел үшін де пайдалы болмақ. Жоспарланған шараларды тиімді іске асыру мақсатында бірлескен инвестициялық жобаларды министрліктер деңгейінде ілгерілету керек. Ол үшін арнаулы жұмыс тобын құруды ұсындым, – деді Президент.

Сонымен қатар екіжақты келіссөздер барысында «жасыл» экономикаға көшеу және климаттың өзгеруіне қатысты мәселелерге назар аударылған. Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға екі елдің мүддесіне сай келетін бірқатар нақты ұсыныс айтқанын, еліміз Францияның «One Planet Summit» бастамасы аясында бірлесу жұмыс істеуге дайын екенін нақтылағанын мәлімдеді.

– Сіздің еліңіздің рөлі мен географиялық орналасуы, сондай-ақ оның аумағының үлкендігі біз үшін өте маңызды. Сондықтан бүгін экономикалық ынтымақтастығымыз жан-жақты талқыланды. Бүгін қол қойылған құжаттар – осының айғағы. Президент мырза, Сіз Қазақстанда жұмыс істеп жатқан француз кәсіпорындарының маңызына арнайы тоқталдыңыз. Француз компаниялары сауда және энергетика салаларында ұзақмерзімді серіктестік орнатты. Компанияларымыздың басқа да салаларда бірлесу жұмыс істегенін қалаймыз. ынтымақтастықтың негізгі бағыттары белгілі. Олар – энергетика және агроарғыш өнеркәсібі салалары, – деді Эмманюэль Макрон.

Сонымен қатар Франция Президенті Қазақстанның әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

1-бет

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚОҒАМҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ



Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті ведомство басшылары баяндама жасап, атқарған жұмыстары мен шешімін күткен түйткілдерге тоқталды.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру маңыздылығын атап өтті.

– Халықтың есепсіз несие алуын азайту – бүгінгі күнгі өте өзекті мәселе. «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» білім беру жобасының ауқымын кеңейту жөніндегі Жол картасы бекітілді. Облыс орталығы мен аудандарда жобалық кеңселер құрылып, ғимаратпен қамтылды. Қала мен аудандар бойынша тиісті жұмыстарды атқаратын жауапты тұлғалар бар. Алдағы уақытта өңірлік жобалық кеңседе азаматтардың проблемалық қарыздарына қатысты мәселелерді шешу, жұмыспен қамту бойынша кеңес беріледі. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, яғни Жол картасынан туындайтын талаптардың орындалуын қадағалау қажет, – деді аймақ басшысы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстағы киелі орындардың айналасын абаттандыру, олардағы инфрақұрылымның қолжетімділігіне баспа назар аудару тапсырылды. Турист санын көбейтудің жолдары мұқият зерттелуі тиіс. Нұрлыбек Нәлібаевтың әрбір сала басшысы, қала, аудан әкімдері өңірдің инвестициялық әлеуетін, туристік тартымдылығын арттыру және көрікті жерлердің ерекшелігін жан-жақты насихаттау шараларына жігі мән беру қажеттігін ескертті.

1-бет

## БІРЛІКТІ ҮНДЕГЕН ЕЛДІҢ КӨШІ ІЛГЕРІ



Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолайлы жағдай жасалған. Еске салайық, өңірде ұлттық жоба аясында 27 медицина мекемесінің құрылысы салынууда. Аймақ басшысы мердігерге жұмысты аясында бытыр 683,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, биыл 692,3 мың шаршы метр баспа табысталмақ. Арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы аясында облыста алғаш рет 100-ден астам жас отбасыға тұрғын үй беріледі. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1000 пәтер сатып алу жоспарланған. Жақинда Жаңақорған ауданында 50 отбасыға баспа кілті берілсе, Арал ауданында да 100 отбасы баспа қуанышына кенеледі. Бұл – тұрғындардың әлауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы салтанатты сөзде.

Осы нысанда аймақ басшысы ауыл тұрғындарымен, ақсақалдармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Өңірде, Арал ауданында атқарылған жұмыстарды, алдағы жоспарлар туралы айтты.

### КӘСІПКЕР БАЛАБАҚША САЛДЫ

Қызылорда облысының 85, Арал ауданының 95 жылдығы аясында Камыстыбас ауылдық округінде 130 орындық балабақша ашылды.

Жаңа нысанның ашылу рәсімінде облыс әкімі жерлестерін қос мерекемен құттықтады.

– Президент өз сөзінде: «Өскеген ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалығы, бұл – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деген болатын. Аралда балабақша салуда кәсіпкерлер аса белсенді. Өткен жылы кәсіпкерлердің бастамасымен 4 жеке балабақша пайдалануға берілсе, биыл да бұл жұмыс жалғасын табуда. Бүгін – кішкентай бүлдіршіндер мен ата-аналар үшін қуанышты күн. Осы ауылдың тұрғыны, жеке кәсіпкер Азат Балмырзаева өз қаржысына 130 орындық заманауи жабдықталған балабақша салды. Туған жерді түлетуге үлес қосқан кәсіпкерге алғыс білдірдім.

Алдағы уақытта бұл орталықтан талантты, дарынды, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты тәрбиеленіп шығатынына сенемін, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада ауыл ардагері Аманкелді Есенбаев жиналғандарға ақ батасын берді.

Нұрлыбек Нәлібаевтың балабақшаны аралап көрген соң ауыл тұрғындарымен, ақсақалдармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Еске салсақ, өткен жылы Арал ауданының Тоқабай, Жақсыкылыш, Бөген ауылдары мен Арал қаласында жаңа балабақшалар салынды. Ал бүгін бүлдіршіндерге есігін айқара ашқан тәрбие ұясы – осы ауылдағы алғашқы балабақша. Мекемеде 41 адам жұмыспен қамтылады.

Биыл облыстағы 4 мектептің 1850 орындық қосымша ғимараттары және 5 мектеп пайдалануға берілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын 21 мектептің 10-ның құрылысы басталуда, қалғаны алдағы жылға жоспарланған. Сонымен қатар облыс орталығында физика-математика бағытындағы мектеп-интернат пен Оқушылар үйі салынууда.

Мектепке дейінгі тәрбие беруден айналысатын 680 ұйымға 54 мыңнан астам бала барады. Өңірде 2-6 жас аралығындағы балалардың балабақшамен қамтылуы 89 пайызды құрайды.

Биыл 1 қыркүйектен бері мемлекеттік және жеке балабақшаларда қызмет ететін 6395 тәрбиешінің жалақысы 30 пайызға артты.

### БАСПАНА КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Арал қаласында бой көтерген екі пәтерлік 50 тұрғын үйде қоныс тойы тойланды.

1-бет

– Халықты баспамен қамту – мемлекет үшін басым бағыттың бірі. Жыл сайын аймақта тұрғын үй көлемі артауда. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында бытыр 683,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, биыл 692,3 мың шаршы метр баспа табысталмақ. Арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы аясында облыста алғаш рет 100-ден астам жас отбасыға тұрғын үй беріледі. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1000 пәтер сатып алу жоспарланған. Жақинда Жаңақорған ауданында 50 отбасыға баспа кілті берілсе, Арал ауданында да 100 отбасы баспа қуанышына кенеледі. Бұл – тұрғындардың әлауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы салтанатты сөзде.

Баспа тапсыру рәсімінде Арал ауданының Құрметті азаматы Оразғали Құлмырзаев бата берді. Мердігер мекеменің 4 қызметкері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Аймақ басшысы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында сатып алынатын пәтерлер әлеуметтік осал топтағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге арналған. Жаңа үйлер қараша айында толық пайдалануға берілімек.

### ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДА ЖАН-ЖАҚТЫ МӘСЕЛЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Арал ауданының тұрғындарын жеке қабылдады.

Аудандық Оқушылар үйінде өткен жеке қабылдауға облыстық сот төрағасынан бастап барлық құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Ашықтық қағидасына негізделген қабылдауда жалпы саны 70-тен астам азаматтың өтініші қаралды. Облыс әкімі екі сағатқа жуық уақытта барлық азаматтардың өтініштерін, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Жергілікті азаматтар тұрғын үй алу, жұмысқа орналасу, жеке бизнес бастау және кәсіпін кеңейту, аяқсу, қоғамдық көлік мәселелерін көтерді.

Барлық сауал сала мамандарымен бірге мұқият зерделеніп, заңдылығына қарай шешім қабылданатыны айтылды. Жауапты басқарма басшыларына нақты тапсырма берілді.

«Өзім көпбалалы анамын. 4 жасар қызым тугалы бері ДШП ауруымен ауырады. Қызымның денсаулығына қатысты мәселемен облыс басшысының қабылдауына жазылдым. Бүгінде ауданымызда арнаулы орталық болмаған соң, Қызылорда қаласына қайта-қайта қаттына бізге қиындық туырып отыр. Сол себепті екі ауданда ортақ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығын Арал қаласынан салып беру туралы өтінішімді жеткіздім. Міне,



бүгінгі кездесуде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың орталықты келесі жылы ашулы қолға алатынын айтып қуатты. Түйткілі мәселенің шешілуіне қолдау көрсеткен аймақ басшысына шынайы алғыс білдірдім», – деді қабылдауға келген аудан тұрғыны Гүлмира Байменова.

### «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: ТАҒЫ БІР БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Арал ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынатын 300 орындық мектептің құрылысы басталды.

Облыс әкімі білім ордасының іргетасын қалау рәсіміне қатысып, жерлестерін қос мерекемен құттықтады.

– Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орындық 21 мектеп салынады. Соның төртеуі Арал ауданында бой көтереді. Өткен аптада Жаңақорған ауданы мен Қызылорда қаласында, бүгін міне, Арал ауданында білім ошақтарының құрылысын бастадық. Бүгінгі шара – интеллектуал қалыптастыру жолындағы ортақ ісіміздің жалғасы. 300 орындық білім ордасы озық ойлы, өнерге құштар, спортқа бейім дарынды балалардың шамшырағын жағатын мекен болай. Ұлымыздың дамуында маңызды рөл атқаратын бұл жобаның басықасында жүрген азаматтарға ісіне жауапкершілікпен қарап, құрылысты сапалы жүргізуді халық атынан аманаттаймын, – деді аймақ басшысы.

Құрылыс алаңында білім саласының ардагері Аманжол Жолмағанбетов бата берді.

Аймақ басшысы, биыл облыста 4 мектепке 1850 орындық қосымша ғимарат, 5 мектеп пайдалануға берілуде. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында құны 7,9 млрд теңге болатын физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы қарқынды жүргізілуде. Облыс орталығында осы кезге дейін бір ғана «Оқушылар үйі» болса, биыл «ҚазгерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2,5 млрд теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы басталды. Оған қоса

«Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан 4,8 млрд теңгеге музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынады.

### ТЕҢІЗ ҰЛТАНЫН САУЫҚТЫРУ ҚАМЫ

Арал ауданына жұмыс сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы фиторманмелиорациялық жұмыстармен танысып, жуырда қайта жаңғыртудан өткен «Балықшылар аллеясына» аялдады.

Аймақ басшысы Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесіне барып, қоршаған ортаны ұшқан түз бен құм көшкінінен қорғауға бағытталған жұмыстарды көрді.

Бүгінде Мемлекет басшысының Арал теңізінің құрғаған ұлтанының 1,1 млн гектарына фиторманмелиорациялық жұмыстар жүргізу жөніндегі тапсырмасы өз деңгейінде жүзеге асуда. Сонымен қатар, құрғаған ұлтана орман өсіруге басқа елдерден донорлар тарту бағытында да тиісті шаралар жалғасуда.

Әлихан Смайыловтың Алғыс хатын табыстады. Рәсімде Қазалы ауданының Құрметті азаматы Оразғали Бекбанов жаңа қоныс иелері мен жиналғандарға ақ батасын берді. Мердігер мекеменің 5 қызметкері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Аймақ басшысының «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында бытыр 683,2 мың шаршы метр тұрғын үй берілсе, биыл 692,3 мың шаршы метр баспа табыстау көзделген. Арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы аясында облыста алғаш рет 100-ден астам жас отбасыға тұрғын үй беріледі.

### «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ» ЖӘНЕ БІР БАСТАМАСЫ

Сонымен Қазалы ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынатын 300 орындық мектептің құрылысы басталды. Облыс әкімі білім ордасының іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен біздің облыста 12300 орындық 21 мектеп салынады, оның екеуі Қазалы ауданында бой көтереді. Біз бұған дейін Қызылорда қаласы, Жаңақорған, Арал аудандарында «Жайлы мектептердің» іргетасын қаладық. Бүгін міне, Қазалы ауданындағы құрылысты бастаймыз. Жайлы мектептерде жас ұрпағымыз зейінді, білімді, зерек шөкірт болып қалыптасын! – деді аймақ басшысы.

Аймақ басшысы бұл білім ошағы апатты жағдайдағы мектептің орнына салынады. Сонымен Қазалы ауданындағы апатты мектепке қатысты мәселе түпкілікті шешімін тапты.

Құрылыс алаңында Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов аудан тұрғындарын құттықтап, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожа Медеубай бата берді.

### АШЫҚТЫҚ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Жеке қабылдаудың басты ұстанымы – ашықтық, соған шын жазылушылар, келушілер өздерін толғандырған мәселелер бойынша



### ТҰРҒЫН ҮЙ – ТҰРҒЫМ ТІРЕГІ

Облыс пен бірнеше ауданның құрылу тарихындағы атаулы жылдың ауқымды іс-шаралары өлі де жалғасуда. Бұл ретте кеше Қазалы ауданында 50 отбасы баспаналы болды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пәтер иелеріне кілт табыстау рәсіміне қатысып, жерлестерін құттықтады.

– Мемлекет басшысы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп атап өткен болатын. Облыста халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1000 пәтер сатып алу жоспарланған. Оның 400 пәтері аудандарға тиесілі. Міне, бүгін қазалылық 50 отбасы өз бастанасына кіріп, қоныс тойын тойлайды. Бұл – мемлекеттің тұрғындардың әлауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстарының жемісі. Жаңа баспаналарыңыз ұядай жылы, берекелі болсын! – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Нұрлыбек Нәлібаевтың Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосовқа ҚР Премьер-министрі

нақты жауаптарын алды, маман кеңестерін тыңдады. 50-ден астам азамат өтініштері мен ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Қазалы ауданында да тұрғын үй алу, жұмысқа орналасу, жеке бизнес бастау және кәсіпін кеңейту, аяқсу, қоғамдық көлік мәселелері көтерілді.

Аймақ басшысы келушілерді тыңдап, олардың сауалдарын мамандар жан-жақты зерттейтінін айтты. Кез келген мәселе заңдылығына қарай шешімін табыды. Ол үшін облыс әкімі жауапты басқарма басшыларына міндеттер жүктетті.

«Ақсуат ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Осы кездесуге халықтың аманатын арқап келіп, облыс әкімінің ауылымызға табиғи газ жүргізуді сұрадым. Бұл мәселе өзінің бақылауында болатынын жеткізді» дейді ардагер Қуаныш Бірзаханұлы.

Аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасарлары мен құқық қорғау органдары басшыларының орынбасарлары әр ауданда бір күн бойы жеке қабылдаулар өткізді. Тұрғындардың мәселелері қаралып, реттілігіне қарай шешімін тапты.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ





та «Үздік медициналық-әлеуметтік мекеме» номинациясын иеленді. 2013 жылы 22 қарашадағы Мемлекет басшысының Жарлығымен қазан айының соңғы жексенбісі Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні болып белгіленді. 2013 жылдан бері облыс әкімінің бастамасымен еліміздің жоғары оқу орындарында білім алатын, халықтың осал топтарынан қызметін атқарады. Мұндай ақпарат әр отбасына мемлекеттік орган тарапынан SMS-хабарлама түрінде жіберіледі. Үшіншіден, мемлекеттік қолдау проактивті форматта жүргізіледі. Ол дегеніміз – азаматтарға әлеуметтік төлем мен көмек ақпараттық жүйелердегі деректер негізінде тағайындалады. Қолданыстағы қағаз құжаттар кезең-кезеңімен жүйеден шығарылады. SMS-хабарламаны министрлік арқылы әр отбасы туралы цифрлық ақпаратты зерттей отырып, күнделікті жіберіп отырады.

«Бұл кодекс еліміздің жаңа әлеуметтік саясатын айқындайды, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың мүлде жаңа үлгісін қалыптастырады. Сондай-ақ жаңа әлеуметтік келісімнің негізінде қалайды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс бүгінгі күннің талаптарымен мейлінше үндеседі» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы мұндай маңызды құжат ТМД мемлекеттері ішінде алғаш рет қолданысқа

Біртіндеп басқа да кәсіпорындардан солай ақша түсірте бастадық. Солай жәрдемақы қарыздарынан құтылдык. Күн-түн демеі жұмыс істедік. Барлық қызметкерді саланың жұмысын аяққа тұрғызуға жұмылдырды. «Талсуаттағы» әлеуметтік орталықтың салынуына да қосқан үлесі мол. Одан басқа да нысандардың ашылуына атсалысты. Мекемелердің жабықталуына да көңіл бөлді. Қаржы басқармасын Қалқазбек Әжібеков басқаратын. Сол кісімен бірлесе қаржылық жағдайды есептеп, барлық интернат пен балалар үйінің материалдық-техникалық жағдайын жақсартты. Республикалық бюджеттен бөлінетін қаржының артуына да қызмет жасады. Арал ауданындағы әрбір үйдің қаржысы жеткілікті, онда бір үйде бір адамның жұмыспен қамтылуына көмек берді. Облыстағы қыз-келіншектердің барлығы Майдан Мәселееваға тікелей келетін. Әрбірімен жеке-жеке сөйлесетін. Үлкен адамдардың жағдайын тыңдап, өтініштерін орындайтын. Мүгедектігі бар адамдардың өтініш-тілектерін жоғарыға ұсыныс ретінде жіберетін. Одан кейін де қаншама басшы келіп жұмыс атқарды. Ирина Ким республикадан келетін қаржының дұрыс болуына атсалысты. Жазира Жылқышева тұсында жаңашылдық басталды. Осал топтарға арналған облыс әкімінің гранты бекітілді. Осы уақыт ішінде қаншама бала тегін білім алды. Бұл кезеңде мүгедектігі бар адамдардың жағдайын жақсарту үшін жол картасы дайындалды. Аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың жағдайын жақсарту үшін барлық мүмкіндік жасалды, – деді Алтын Итенқызы.

Әлеуметтік саланың ғасырға жуық тарихы бар. Бұрыннан келе жатқан саланың бірегейі. Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бастап сала Үкіметтің басты назарында болды.

Сол уақыттары жұмыссыздық деңгейі 40 пайызға жетті. Жаппай жұмыссыздық белең алды. Мұның барлығын ретке келтіру үшін қыруар жұмыс жасалды. Мысалы, зейнетақының өзі 6 айлап берілмеген кезде бәртермен өтелді. Қордаланған қарызды етпен, үнмен, маймен есептесіп қайтарған уақыт болған. Қиын кезеңде Арал ауданындағы аналардың теміржолды жауып тастауына дейін әкелді. Әсіресе бюджет қызметкерлерінің жалақысы қордаланып қалды. Әлеуметтік қызметкерлер Арал, Қазалы ауданында қона жатып, жұмыс жасады. Сол жылдары облысты басқарған Бердібек Сапарбаевтың қызметі орасан еді. Осы қордаланған мәселелерді шешу үшін мемлекетте бірнеше заңнама қабылданды. Соның бірі – 1998 жылы зейнетақы туралы шыққан жаңа заң. Одан басқа балалы отбасыларға арналған, мүгедектігі бар, ҮОС ардагерлеріне арналған жәрдемақы мен жеңілдіктер қабылдана бастады. Облыста 2012 жылы «Талсуатта» әлеуметтік сауықтыру орталығының салынуы адамдардың денсаулығын жақсартуға септігін тигізді. Аналық жұмыстары атқарылып, әлеуметтік нысандар пайда болды. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы жұмыссыздық деңгейін төмендетті. 2015 жылы БҰҰ Бас конвенциясын Қазақстан ратификация жасады. Содан кейін еліміздегі мүгедектігі бар адамдардың жағдайын жақсартуға бірқатар заң қабылданды. Қазіргі кезде мүгедектерге қажетті құрал-жабдықтардың барлығы әлеуметтік портал арқылы алынады. Бұл – адамдардың қызметі өзіне толықтай жасай алуына берілген мүмкіндік.

### САЛАДАҒЫ ТҰРАҚТЫ КӨРСЕТКІШТЕР

Осы жылдың 1 қазанына дейін 27050 жаңа жұмыс орны құрылды. Оның 11507-сі тұрақты.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы» шеңберінде жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде жүгінген 54187 адамның Ұлттық жобаға қатысушы ретінде 35764 адам тіркеліп, барлығы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына жолданды. Атап айтқанда, 8112 адам бос жұмыс орындарына орналастырылды, 14933 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. 3523 «Электронды еңбек биржасы» порталы арқылы онлайн оқудан өтті. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 8474 адам жолданды, 722 қайтарымсыз грант алды.

Жыл басынан бері облыс бойынша 59 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді, онда 863 жұмыс берушіден 5224 бос жұмыс орны ұсынылып, жәрмеңкеге қатысқан 3478 жұмыссыздың ішінен 567 адам тұрақтыға, 247 адам уақытша жұмысқа орналастырылып, 966-сы кенес алды.

Жыл басынан 9148 адамға жұмысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалды.

Осы жылдың 1 қазанына дейін аз қамтамасыз етілген 49883 отбасына 3350,2 млн теңге әлеуметтік көмек төленген, 9002 отбасыға 3485,1 млн теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 8965 отбасыға 3152 млн теңге төленген. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардағы бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі 14089 балалға 409,6 млн теңге қосымша берілді. Әлеуметтік келісім-шарт негізінде көмек алушылардың қатарындағы еңбекке жарамды жастағы 1095 адам жұмыспен қамтылды.

Облыстың шежірелі 85 жылдық даму тарихында әлеуметтік саланың алар орны маңызды. Өйткені сол уақыттан бері жұмыс жасап келе жатқан саланың барлық кезеңі өнірдің құрылуы, қалыптасуы, өркендеуімен тығыз байланысты. Бұл саланың жұмыс нәтижесі халықтың алуақты мен әлеуметтік жағдайының тұрақталуымен өлшенеді. Ал бүгінде еліміздің дамуына әлеуметтік сала бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жобалардың да қосқан үлесі мол.



### СЕМИНАР ӨТКІЗДІ

**ҚЫЗЫЛОРДА** Қала әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Жасұлан Абатов қалалық құрылыс бөлімінің қызметкерлеріне мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндіру бойынша семинар өткізді.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметшілерге қойылатын жалпыға бірдей моральдік-әдеттік нормаларды сақтау туралы айтты. Жиын соңында сыбайлас жемқорлық көріністерінің әрбір фактісіне мұқият талдау жасау, оларды жою жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

### ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫ

**АРАЛ** Аудан әкімі Серік Сермағамбетовтың төрағалығымен газ тапшылығы мәселесіне байланысты жедел штаб отырысы өтті. Жиында ауданды газбен қамтамасыз ететін операторлар қазіргі жағдайды баяндады.

Газ тапшылығын болдырмау үшін ауданда жұмысшы тобы құрылды. Құрамында тиісті сала басшылары мен құқық қорғау органдары бар. Top мүшелері тәулік сайын зерделеу жұмысын жүргізіп отырады. Аудан әкімі барлық операторларға сұйытылған газды бірінші кезекте халыққа және коммуналдық қызметке босатуды тапсырды.

### ТҮНГІ РЕЙД ЖАЛҒАСУДА

**ҚАЗАЛЫ** Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеуімбетов бастаған жұмысшы топ аудан орталығындағы жастардың көптеп бас қосатын нысандарын аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ойын-сауық орталықтары мен компьютер клубтарында жастарды тәртіпке шақырды.

Топ құрамында білім, полиция, мәдениет және спорт бөлімі, өзге де сала қызметкерлері бар. Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы арнайы топ жұмысы жалғасын табатын болады.

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМӨҢКЕСІ

**ҚАРМАҚШЫ** Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Онда 35 көпкіпен 217 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері қойылып, нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмен сатылды.

Жәрмеңкеге аудан әкімі Жандос Еркінбекұлы мен ардагерлері қатысты. Дала еңбеккерлері мен аудан халқын қауыштырған күздің мерекесінде күріш, бақша, ет, балық, көкөніс, сүт, макарон, мал азығы өнімдері қойылды. Сатылымда болған өнімдердің 21 тоннасы күріш.

### ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**ЖАЛАҒАШ** Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жаңадария, Аламесек және Еңбек ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен алдағы жобалар туралы айтты.

Халықпен кездесулерге Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, алқа билер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сұлейменов, аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов, аудан әкімінің орынбасарлары және жауапты сала басшылары қатысы.

### ҚҰҚЫҚТЫҚ ОҚЫТУ ӨТКІЗІЛДІ

**СЫРДАРІЯ** Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыруымен әкімдік қызметкерлерін құқықтық оқыту семинары өтті.

Күн тәртібіндегі мәселеге қатысты аудан әкімі аппаратының бөлім басшысы Е.Зұлқарнаев қатысушыларға толық түсіндірме жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптана жүзеге асатынын жеткізді.

Қатысушылар өздерін толғандырып жүрген сауалдарына толықтай жауап алды. Сонымен қатар, бөлімнің әдіскері Н.Құрақбаева нормативтік құқықтық актілерді өзіндік тәжірибемен мемлекеттік тіркеу қағидасының талаптарын түсіндіріп өтті.

### ЖАС АҚЫНДАРДЫҢ ЖЫР КЕШІ

**ШИЕЛІ** Аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен жас ақындардың жыр мұшайрасы өтті. Байқауда мектеп оқушылары бақ сынап, өз өлеңдерімен қатар, жергілікті ақындардың Шиелі туралы шығармаларын жатқа оқыды.

Талапкерлердің өнерін балалар кітапханасының меңгерушісі Гүлзира Қоңыратбаева, Ы.Жақаев атындағы №244 орта мектебінің мұғалімі Самал Өуезханова, кітапханашы Перуза Түлкібаева бағалады. Бас жұлдені Ә.Қоңыратбаев атындағы №48 мектеп-лицейдің 6-сынып оқушысы Дарын Қалдыбай иеленді.

### КӘСІБИ МЕРЕКЕНІ АТАП ӨТТІ

**ЖАҢАҚОРҒАН** Әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстық орталығында салтанатты шара өтті. Кент әкімінің орынбасары Ақжан Тұрғанбаев әлеуметтік қорғау жүйесі мамандарын құттықтады.

Сала жұмысын алға өрлетудегі үлесі үшін кент әкімінің алғыс хаттарын табыстады. Салтанатты шара «Арман» мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

«СБ» ақпарат

# ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕНІҢ МАҢЫЗЫ ӘЛЕУЕТТІ

Әлеуметтік сала реформаларының басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру. Соған сай мемлекеттен көрсетілетін халықты қолдауға арналған шаралар ішкі саясатта басым бағыттардың бірі саналады. Қазіргі таңда қоғамдағы негізгі оқиғалардың дені осы әлеуметтік мәселе төңірегінде туындайды. Әсіресе «әлеуметтік» ұғымымен қорғау, көмек, қызмет, оңалту, ортаға әсер ету, қамсыздандыру секілді тіркестер құлағымызға әбден сіңісті. Өйтсе де мұның астарында әрбір мәселеге түсті қарамай, көмекке зәру жандарға мемлекеттен қол ұшын созу өте өзекті. Бұл ретте әлеуметтік сала мамандарының еңбегі ерекше.

**СБ** Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА 85 ЖЫЛ

Облыстың құрылу тарихымен тамырлас, іс барысында етене жұмыс жасап келетін бұл салаға да 85 жыл толуға. 1938 жылы Қызылорда облысының құрылуымен қатар әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің де өз тарихы басталды. Бұл саланың жұмысы халықтың еңбекке жарамсыз бөлігінің қажетін қанағаттандыруға және тұрмыс деңгейін қолдауға бағытталды. Ұлы Отан соғысының басталуы үлкен міндет жүктеуімен белгілі. Ауыр кезеңде соғыс мүгедектерін жұмысқа орналастыру, жаңа мамандыққа оқыту, көмек көрсету, әскери қызметшілердің отбасын жұмыспен қамтумен айналысатын бөлімдер ашылды.

1946-1950 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы өте ауыр еді. Әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне 4000-ға жуық соғыс мүгедегі тіркелді. Зауыттарда, фабрикаларда және ауыл шаруашылығында жұмыс күші жетіспеді. 1950 жылдың басында соғыс мүгедектеріне, соғыста қаза болғандардың отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді. Жасы ұлғайғандарға, асыраушысының қаза болуына байланысты және уақытша еңбекке жарамсыз қалғандарға зейнетақы тағайындалды. Көпбалалы және жалғызбалалы аналар жәрдем ала бастады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Мемлекеттік зейнетақы туралы» заңына сәйкес 1956 жылы әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің жұмыс көлемі ұлғайды. Көпбалалы аналарды мемлекеттік орден-медалдармен марапаттау жұмыстары қолға алынды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң халықты әлеуметтік қамсыздандырудың өзіндік жүйесі қалыптасты. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйі салынып, қолданысқа берілді. Қызылорда облыстық халық депутаттары Кеңесі атқарушы комитетінің шешімімен 1991 жылы психоневрологиялық-жүйке аурулары интернаты құрылды. Дегенмен, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтетін кезеңінде жұмыссыздық деңгейінің өсуі, жалақы, зейнетақы мен балалар жәрдемақысының бірнеше айлап берілмеуі халықтың тұрмыс-тіршілігінің төмендеуіне әкелді. Осы уақытта әлеуметтік қамсыздандыру саласы осындай келенсіздіктерді болдырмау үшін біршама шараны жүзеге асырды.

2000 жылғы 3 маусымдағы ҚР Үкіметінің қаулысымен «Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама» қабылданды. Ал 2001 жылғы 17 шілдеде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңы қабылданды. Осы жылы Қазалы психикалық-жүйке ауруларының интернаты алғашқы қызмет алушыларды қабылдады. 2003 жылы аймаққа қоныс аударған этникалық қазақтар –оралмандарды белгіленген лимиттерге сәйкес тұрғын үймен қамту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Облысқа келген 200-ге жуық оралман отбасыларын тұрғын үймен және отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ету ұйымдастырылды. Алғашқылардың бірі болып Қармақшы ауданы, «Шобанқазған» елді мекеніндегі тұрғындар Көмекбаев ауылына көшіріп әкелінді.

2012 жылы өңірде әлеуметтік саланың әлеуетін көтеру мақсатында «Талсуат» ауылдық округінде орналасқан үш әлеуметтік нысанның құрылысын республикалық бюджет қаражаты есебінен салу басталды. Соның ішінде республикада алғаш рет мүгедектерге арналған типтік оңалту орталығының жобасы әзірленіп, 150 орындық мекеме ашылды.

Мүгедектерге арналған оңалту орталығы 2017-2018 жылдар аралығында екі рет Астанада өткен әлеуметтік мекемелер арасындағы республикалық конкурсының жеңімпазы болды. Мұндай ақпарат әр отбасына мемлекеттік орган тарапынан SMS-хабарлама түрінде жіберіледі. Үшіншіден, мемлекеттік қолдау проактивті форматта жүргізіледі. Ол дегеніміз – азаматтарға әлеуметтік төлем мен көмек ақпараттық жүйелердегі деректер негізінде тағайындалады. Қолданыстағы қағаз құжаттар кезең-кезеңімен жүйеден шығарылады. SMS-хабарламаны министрлік арқылы әр отбасы туралы цифрлық ақпаратты зерттей отырып, күнделікті жіберіп отырады.

«Бұл кодекс еліміздің жаңа әлеуметтік саясатын айқындайды, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың мүлде жаңа үлгісін қалыптастырады. Сондай-ақ жаңа әлеуметтік келісімнің негізінде қалайды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс бүгінгі күннің талаптарымен мейлінше үндеседі» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы мұндай маңызды құжат ТМД мемлекеттері ішінде алғаш рет қолданысқа

## КОДЕКСТІҢ КӨМЕГІ

Әлеуметтік кодекс 5 бөлім, 19 тараудан және 267 баптан тұрады. Негізгі жаңалықтың бірі – Отбасының цифрлық картасы.

Әлеуметтік кодекс тіпті ТМД мемлекеттері тәжірибесіне енгізілген алғашқы біртұтас әлеуметтік құжат деп айтуға болады. Жаңа кодекс тіпті негізгі мақсаты – бұл халықтың түсінуін жеңілдету үшін осы саладағы қолданыстағы заңнаманың барлық нормаларын бір құжатқа шоғырландыру. Бүгінгі күні Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты қолданыста 17 заңнама бар. Осы заңнаманың барлық нормалары біріктірілген. Кодекс адамның бүкіл өмірлік циклін қамтиды. Ол туғаннан кәмелетке толғанға дейінгі әлеуметтік қолдау, еңбекке қабілетті жастағы жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру іс-шаралары, өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек, сондай-ақ жасы ұлғайған шақтағы қолдаулардың барлығы енді осы бір құжатпен реттеледі.

Облыстық еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон департаменті басшысының орынбасары Төреәхмет Жолымбетовтің айтуынша, енді отбасы және әлеуметтік жағдай туралы барлық дерек бір жерге жинақталып, базаға енгізіледі. Демек, әр отбасының дербес деректері жасалған. Бұл деректер мемлекеттік органдардың қазіргі ақпараттық жүйелері негізінде қалыптастырылуға.

Цифрлық карта халықтың мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді, яғни мемлекет кімге, қашан, қандай көмек қажеттігін анықтап қана қоймай, әлеуметтік тәуекелдердің алдын алады.

Екіншіден, отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәртебесіне және әл-ауқат дәрежесіне қарап, мемлекеттік қолдаудың қандай түрін алуға құқылы екендігін жеткізіп отыратын электронды жаршы

енгізілгенін атап өтті. Жалпы жана кодекс тіпті көмегі орасан. Оның тиімділігі қазірдің өзінде нәтижесін берді.


## БАРТЕР ӨДІСІМЕН ЖАЛАҚЫ ТӨЛЕНДІ

Иә, сол саланы қамтитын бұл мекеменің атқарар қызметі де көп. Халықтың қажетіне жарап, алғысын алып жүрген әлеуметтік қызметкерлердің еңбегі ерекше. Облыстың 85 жылдық дамуында айрықша орны бар сала осы уақыт ішінде түрлі кезеңдерді бастан өткізіп, бүгінде тұрақтанды. Бірақ сонау қиын жылдарда осы саланың алға жылжуына айтарлықтай еңбек сіңірген жандарды ұмытуға болмайды. Сала ардагері Рахия Тақенова апай сол кезеңдерді былайша еске түсірді:

– Токсаныншы жылдардың басында бөлім басшылығына тағайындалдым. Бұл еліміздегі тәуелсіздіктің алғашқы өтпелі кезеңдері болатын. Жәрдемақы төлейтін қаржы жоқ. Әлеуметтік салаға адам туғаннан бастап, қайтыс болғанға дейін жүгінді. Зейнетақы қорына ақша түсіру үшін сала қызметкерлері аудандарда айлап іссапарда болатын. Сол уақытта үш күнге іт іссапарға кетіп, бір айдан соң үйімізге қайттық. Тынымсыз тірліктің нәтижесінде жағдай біртіндеп жақсара бастады. 1997 жылы зейнетақы қоры тарап, салыққа өтті. Ол уақытта техника да, қазіргідей ғаламаттар да жоқ. Қиын кезеңде ауызбіршілікпен бір-бірімізге тілектес болып жұмыс істеген әріптестерім Майдан Мәселеева, Жанар Дәулетбаева, Алтын Есқараеваға шын жүректен алғысымды айтамын. 2006 жылы осы саладан зейнетке шықтым. Қазіргі әлеуметтік саланың мәселесі тубегейлі шешілген. Барлық төлем уақытылы төленеді. Облыс пен біздің саланың 85 жылдық мерейтойында әріптестеріміз халықтың алғысын аркалап жүре беріңіздер, – деймін.

Әлеуметтік саланың ең қиын кезеңдері тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына сәйкес келді. Бірнеше ай жалақы, жәрдемақы берілмеді. Сонда да жұмыстың ауырлығына төзіп, халықтың жағдайын жақсарту жолына 10 жыл уақытын арнаған Майдан Мәселееваның есімі өңір халқына жақсы таныс. Ол 1997-2007 жылдар аралығында басшылық қызметте болып, саланың бір ізге түсуіне ерен еңбек сіңірді. Майдан Аяшқызымен қатар қызмет еткен Алтын Есқараева сол кездерді сипаттап берген еді.

– Ең қиын жылдары Майдан Аяшқызымен бірге өткердік. Ол – саланы 10 жыл басқарып, аяққа тұрғызған кісі. Бізге салық басқармасынан келді. Екеуіміз қызметке қатар кірістік. Жүйені жақсы біледі. Ең бірінші әлеуметтік саланың еспикисына жұмыс жасады. Барлық кәсіпорын зейнетақы қорына қарыз еді. М.Мәселеева бұрын салыққа жұмыс істегеннен кейін әрбір мекеменің жағдайын жақсы біледі. Сондықтан зейнетақы қорындағы барлық қарызды түгендей бастадық. Өйткені қорға ақша түсті деген сөз балалардың жәрдемақысына ақша түсетінді білдіреді. Сол кезде ең үлкен мұнай компаниясымен соттасып, 1 млрд теңгеден астам ақшаны зейнетақы қорына түсірген еді.



ҚОНЫСБЕК ҚАЗАНТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҮЛҒАСЫ

Алдағы 5 қараша аймақтың біртуар азаматы, отыздан астам мемлекеттік орден-медальдардың иегері Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың туғанына жүз жыл толады. Ол – үш мәрте «Ленин» орденінің иегері. Кеңес Одағының критерийі бойынша бұл Социалистік Еңбек Ері атағымен тең, заманының заңғар тұлғасына лайық марапат еді.

нетінде ең бірінші көзіме түскені – «Новый мир» журналы. – Жақсы басылым, – дедім. – Иә! Тек оқуға уақытым жетпейді. Жақсысын теріп оқимын. Өңгіміміз кең әрі ауқымды болды. Бірақ Қоңекке экономика саласына назар аударды.

– Мысалы, «Мәдениет» жылына бір жарым миллион сом таза пайда тапса, көршілес жатқан «ПІ Интернационал» колхозы үш миллионға жуық табыс табады. Табыс айырмашылығының негізгі себептерінің бірі – өзіңдік күн деңгейін жете бағаламау. Міне орта буын басыптарына осыны үйрету керек, – деді.

Қазантаев орташа жалақы, сүт өнімділігі, центнерлер, социализм немесе коммунизм туралы айтқан жоқ. Өңгімесінің бәрі адамдардың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау турасында еді. Бұл – КОКП ОК идеологтарына жетіспейтін қасиет. Осы әлеуметтік-экономикалық үлгі оның ұстанған берік қағидасы болатын. «Еңдеше, бірге жұмыс істейік» деп түйіндеді Қоңекен. Менің бұған еш қарсылығым жоқ еді.

Облыста күріш шаруашылығы басты орынға шығып, мал шаруашылығы кенжелеп қалған. Жыл бойы шөбі шүгітін Австралия емесізі. Жайылымыз киік пен қойдан артылмайды. Отар мен табын көктемде ғана еркін тыныстайды. Бірақ төрт түлік мал әр шаруашылықта ұсталатын. Оны өнеркәсіптік деңгейге шығару үшін Қазантаев «Мәдениет» және Калинин атындағы кеңешарларда үш мың басқа арналған сүт қызылдарының құрылысын салу туралы мәселе көтерді. Ауданға алты мың симентап тұқымды сиыр әкелінді. Тісті азық-түлік базасы жасалып, қадірлар тартылды. Рас, негізгі мамандар жетпей жатты. Бірақ бірінші хатшының бір қасиеті – ешқашан берілмейтін. 80-жылдардың басында газет тапсырмасымен «Мәдениет» кеңешарының фермасына бардым. Жолбасшым бас зоотехник Нұрлыбек Жолдасбаев болды. Оның Темірязев атындағы Мәскеу ауыл-шаруашылық академиясын бітіргенін естіп танғалдым.

– Фермада жүргенің орнына, бір жерде басы болып отыруың керек еді! – деп әзілдедім.

Белгілі болғандай, ол оқуын бітірген соң Талдықорғанға аттанған екен. Бір жылдан кейін анасының қайтыс болуына байланысты «Мәдениетке» келіпті. Жаназадан соң Нұрлыбек жолға шығуға дайындалып жатқанда, аудандық партия комитетінің машина келеді: «Қазантаев шақырып жатыр». Хатшы совхозда қалу туралы мәселе көтергенде, Талдықорғанда тағы өкіл жұмыс істеуі керекін айтты. Қазантаев дереу Талдықорған обкомының бірінші хатшысына хабарласып, Жолдасбаевты шаруашылыққа алып қалдыты.

Бес жүз гектар жерге сүрлем жүгеріні Қазантаевтың кезінде Социалистік Еңбек Ері атанған Айнаш Балғабаяев өсірді. Жолдасбаевқа келсек, көп ұзамай партия қатарына өтіп, 30 жасында облыстағы ең жас директор атанады. Одан кейін де түрлі қызмет сатысынан өтті. Сол сияқты, Жақсылық Маншәріпов, Сәмит Серікбаев, Садық Әлиев, Үмбеталі Ахметовтің де қызмет жолына көз жұртпестен, Қоңекеннің қаншама басшыны тәрбиелеп өсіргенін көресіз.

Облыста мал басын асылдандыру мен тұқым шаруашылығында мәселе көп еді. 60-жылдардың аяғында құрылған Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты өндірістің дамуына өз үлесін қосты. 1970 жылы институт «Ақмаржан» сортын жасаумен айналысты. 80-жылдардағы ең ірі тұқым шаруашылығы болып «Авангард» және Калинин атындағы кеңешарлар белгіленді. Шаруалар мен БАҚ өкілдері процесі бақылап отырды. Алғашқы өнім алуға облыстық комитет хатшысы Николай Подольский, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Елтай Тыныштықбаев, Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты директоры Амангелді Әлімбетов, облыстық тұқым инспекциясы басқармасының басшысы Софья Байсенірова, оның орынбасары Галымбек Қонысбекұлы және басқалар қатысты. Біріншіде 59 центнерден өнім алынды. Салтанатты шарадан кейін институт директоры бізді дастарханаға шақырды. Қазантаев сөз сөйледі: «Жұмысымыздың нәтижесіне көңіліз ризамын. Тұңғыш өнімді халық бағалайды деп сенемін».

Білуімізше, «Ақмаржан» селекционерлері КСРО Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды. Бірақ ғылым бағаланбайтын заман жақындалп қалған еді. КОКП ОК бас хатшыларының жиі ауысуы да әсерін тигізді. Бірақ өмір жалғаса берді. Облыстың құрметті ардагері Шығыс Айбысұнов «Қазантаев мектебі» атты кітабында сол кездегі құлдырау, өлке халқының тіршілігі туралы жақсы да жаннат суреттеген. Өрне, қызметі ауданмен шектелгенімен, Қазантаев – ірі тұлға.

Неге екені белгісіз, обкомның жана бірінші хатшысы Еркін Әуелбеков астық жинап алған соң емес, 1985 жылдың тамыз айында аудандық партия комитетінің пленумын шақырды. Пленумдағы сөзінде Қазантаев жалағаштықтарға қаратып: «Сіздерге сөзбен де, іспен де көмектесуге әрқашан дайынмын. Жетістіктеріңізге қуанамын. Сәтсіздіктеріңізге күйінемін. Көңілімді қалдырмауға тырысыңыздар!» деді.

«Хатшының архивіне» келсек, Қоңекеннің өз қолжазбаларында шынайы сезім мен ой да, дөйек пен дерек те бар. Өкініштісі, ой-толғауларын мемуарға айналдыра алмады. Өмірінің соңғы жылдары өңірге танымал журналист Шара келіп үнемі қасында болды. Дегенмен, кеудесі кеніш қайраткердің көп ойлары қазіргі тауғай еді.

Олай дейтінмен, Қонысбек Қазантаевтың қайталанбас бірегей тұлғасын терен ғылыми-публицистикалық зерттеу шынықпаш, тың, жанқияр басшыларға аса зор болып тұрған бүгінгі қоғам үшін өзекті болып отыр. Шигелі, Теренөзек, Жалағаш, Қызылордада өткен Қонысбек Қазантаевтың 100 жылдығына арналған тағалымды жиындарда жұрт бұл туралы көп айтты. Құрметтісіздіге қараша айының үшінші жұлдызында іс-шара өтеді.

Қасым ИМАНБЕРДИЕВ, Қазақстанның Құрметті журналисі



– шаруа жайы. – Жеміс бағына обал болды. Қыста үсіп кеткен сияқты, – деп Хан күрсінді. – Ауылдың айналасына бес жүз түп жеміс ағашын отырғызған едім. Бәрі заа кетті.

– Уайымдама! – деп сендірді Қазантаев. – Дұрысы, уақыт жоғалтпай, жана көшеттер отырғыз! Сөзі ойланып, сөзін жалғай түсті. – Аудан үшін де жеміс бағы артық етпейді. Қзбекстаннан бес мың көшет әкел. Өзгеннен көре жатармыз...

Көп ұзамай Қазантаевтың ұсынысымен «Жеміс-жидек» кеңешары құрылды.

Бірде аудандық кенестің сессиясында халыққа әлеуметтік, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету мәселесі қаралды. Депутаттар әдеттегідей әр нәрсеге шағымданды. Басшылар өз уәждерін ортаға салды. Сессияны қорытындылаған Қазантаев басшыларға: «Сөзің сөзің болды. Бұл жерде, Римнен айырмашылығы, барлық жол халыққа бастайтын түсінігенде дейін сын айтыла да береді. Не істесек те барлығы адамдар үшін. Шағымның пайда болуының себебін дереу қоямыз» деді.

Кім не десе де, ол жылдары ауыл шаруашылығын механикаландыру процесі қарқынды жүріп жатқан. Аудандық атқару комитетінде де, айтталық, «ДТ-24» тракторын «С-100»-ден ажыратып үлгермей жатты. Мұны көрген Қазантаев аудандың ауыл шаруашылығы техникасына экскурсия ұйымдастырды. Жолбасшы жас инженер Сейітбек Шаухаманов еді. Қазантаевқа оның сөйлеу мәнері не өз ісін білетіні қатты ұнады. Кейінірек жас жігітті Теренөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына, совхоз директоры қызметіне шақырды да, айтпағымыз – Қонысбек Қазантаевтың жас мамандарды дайындау және қызметке көтерілу мәселесінде адам тани білгені. Стратегиялық тұрғыдан ойланып, болашақты көре білген, қоғамның сұранысымен өмір сүрген жан екендігі.

Абырой биігінен түспеген қайраткер

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басында Қызылорда облысында ең ірі ауыл шаруашылығы жобасы – Сол жағалау массивін игеру басталды. Жо-баны жүзеге асыруға шамамен үш миллиард рубль жұмсалған. «Лавриссовхозстрой» және «Қызылорда-мелиорация» трестері, ондаған, тіпті жүздеген ПМК құрылды. Жана жұмысын мамандарға пайда болды. Әрине, кадр мен кәсібилікке, жана тактика мен стратегияға леген сураныс та өсті. Осы тұста Хрущевтің аумақтарды ірілендіру жөніндегі оған әкімшілік реформасы басталды. Соны аяқсыз Жанақорған ауданы Шиелі ауданына, Сырдария ауданы Теренөзек ауданына біріктірілді. 1962 жылы желтоқсанда Қ.Қазантаев Теренөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сәлімгерей Тоқтамысов жана қызметке шығарып саларда: «Шаруашылық жұмысында тәжірибе мен Білімін де жетеді. Мәдениеті жоғары, адамгершілігі мол азамат деп білеміз. Бастысы – қай істе де шектен шықпа. Қалғанының бәрі өзіңіңнен реттеледі» деп қысқа қайырды.

Жана жерде өндірістік және әлеуметтік мәселелермен айналысты. 1963 жылы көктемде КОКП Орталық Комитетінің пленумы Никита Сергеевич Хрущевті қызметінен босатты. Бас хатшы болып Леонид Брежнев сайланды, Үкіметті Алексей Косыгин басқарды. Көп ұзамай Дінмұхамед Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Елде тұрақты дамудың тағы бір мүмкіндігі туы.

Жана жылдық халықты, алғашқы инженерлік жоспарланған жерлерді күтіп отырған шаруаларды жігерлендірді. Барлығын терең түсіну үшін Қа-

зантаев мамандардан сұраудан тартынбаймын. Көктемде ҚазССР-нің 50 жылдығы атындағы кеңешарға келді. Біраз жерге егін егіліп жатыр, одан сөз әрі қарай жана алқаттар ашылууда. Директор Алдаберген Бисеновпен бірге егіс алқаптарын аралады. Ауыспалы егістің артықшылығын шаруаларға ықпалмен түсіндірді. Мелиорация қызметкерлерінің жұмысына сын айтты. Көргені көңілінен шықпаған ол «Біз мұндай жұмысты қабылдамаймыз» деп ескертті мастерге. Көп ұзамай бірінші хатшы Мұстақым Ықсановпен өңгімесінде бороға «Лавриссовхозстрой» өкілдерін шақыруды сұрады.

– Шақырайык! – деп жауап берді хатшы. – Мен осындай нұсқау беремін! Боро отырысына бірінші басшы А.Тончаровтың өзі келді. Өңгіме ұзақ және егжей-тегжейлі болды. Жұмыстың қарқынды емес, сапасы бөрінен маңызды екені айтылды.

«Қараөзек» совхозы қойды жайлауға айдауға дайындалып жатқан. Сол жылдары елге валыла әкелетін сала қарақол шаруашылығы деп аталатын. Жана тұған қозылар үш күннен аспай елтірі үшін сойылатын. Қазантаев партия комитетінің хатшысы Әбжамит Сұлтангереевпен бірге шопандарға келді. «Не мәселе бар?» деген сауалға Ахмет Халықов:

– Қоңеке, көктем кеш келетін сияқты. Бірақ қой төлдейтін кез жаздан. Жолда тұған төлді дереу соң пунктіне жіберу керек. Бірақ оған көлік жоқ. Үш отарға ең болмағанда бір көлік алғмыз келеді, – деп жауап берді.

– Үш отарға біреу көп болады, бес отарға алындар, – деп түйіндеді Қазантаев бірден. – Жана отар арасында да байланыс орнатыңыздар...

Осылайша бес қой шаруашылығы кеңешар араға үш-төрт күн салып жайлауға көшті. Оларға жүйелі қойлар көрсетуге мүмкіндік туы. Зоотехника мен ветеринарияда өзіңдік жана шығармалар болды. Мал басы көбейіп, тері саны мен сапасы өсті. Мемлекет қарақол елтірісін 25 рубльге сатып алып, шетелге алдықанда қымбатқа сататын. Ұзамай Ахмет Халықов пен Қазантаев шаруашылыққа тағайындаған «Бірінші шай» совхозының директоры Орынбасар Бәйімбетов Социалистік Еңбек Ері атанды.

Аудан орталығы мен сол жағалауды паром қатынасы байланыстырды. Көктемде өзен арнасы толып, көлік қатынасы тоқтайтын. Қазантаев облыстық кенес сессияларында, партия конференцияларында бұл мәселені конференцияларында бұл мәселені орасан зор мәсiетi игерiп жатқанда Теренөзек, Жалағаш иперн Жасалыға көпiр салу қажетi неге ескерiлмеген? Облыстық, республиканың мемлекеттік жоспарлау комитетi сол жылдардағы жағдайды бақылауда ұстамағаны анық. Қазантаевтың замандастарының бiрi, аудандық комсомол комитетiнiң бiрiншi хатшысы, аудандық партия комитетiнiң хатшысы, аудан әкiмi қызметтерiн атқарған Алмағұл Божанова қайраткер туралы былай деп есе алады.

– Мен қазiргi Нағи Илiсов ауылы, бұрынғы Қазақ ССР-нiң 50 жылдығы атындағы кеңешарданмын. 1964 жылы 18 жасында М.Мәметова атындағы педагогикалық училищенi бiтiрiп, Теренөзекке келдiм. Ауданда үлкен құрылыс жұмыстары жүрiп жатты. Менi балабақша меңгерушiсi етiп Теренөзек совхозына нөбери. Балабақша нөбери 50 орындық. Бала саны көп, кеңейту қажет болды. Бірақ совхоздың өзі мұны істей алмады. Сол кезде ел аузында бірінші хатшы Қазантаев туралы тек мақтау сөз айтылатын. Мен бойыма батылдығымыз жинап, оған бардым. Басқалар сияқты жеке өтінішпен емес, елдің шаруасымен келгеніме Қоңекен таңғалды. Айтқанымың бәрін тыңдап, жазып алды. Көп ұзамай балабақшаны кеңейтіп, қосымша құрылыс салдық. Қазантаевтың ауданда жұмыс істеген уақыты шын мәнінде тарихи кезең еді. Аудан экономикалық тұрғыдан нығайды. Жыл сайын мемлекетке кемінде 700 мың центнер астық тапсырылды. Тірілігі тату аудан болды. Өз жұмысымыз Қоңекеннің ұстанымдары мен әдістерін пайдаланды. Болмасак

тұратын. Жиырмадан астам елді мекен Қызылқұм мен Қарақұм арасында шағырлап жатты. Олардың арасында жол да жоқ. Аудан орталығы Жосалының экономикалық әлеуеті де маз емес. Сүт зауыты, тұрмыстық комбинат, МТС, автобаза ғана бар. Рас, механикалық зауыт пен локомотив депосы салынып жатқан. Жоқтан бар жасауға тура келді. 1952 жылдың күзінде аудандық партия комитетіне шақырылады. Замандастарының айтуынша, бірінші хатшы Сейділла Оспановпен мынадай өңгіме болыпты.

– Мынау – облыстық атқару комитетінен келген өтініш. Төретам стансасының жерімен қоса 20 мың гектар жер бөлуді сұрап отыр. Шұғыл реттеңдер.

– Бір ауқымды жоспар сияқты, – дейді Қазантаев ойлап. – Жақсы! Бөліп береміз! Бара берсем бола ма?

– Және бір мәселе. Сені Шиеліге жіберейін деп жатқан сыяқлы. Бірақ қандай қызметке екенін әлі білмеймін. Дайын боларсың...

Екі адамның білгенін енді құпия емес деп бекер айтпаған. Бірер күннен соң Бағжан Қоңекеннен:

– Жосалы маңында космодром салынғалы жатқаны рас па? – деп сұрайды.

– Космосқа ұшуды жоспарлап отырсың ба? – дейді Қоңекен күліп. Көп ұзамай екінші болжам расталып, Шиеліге ауысты. Бірақ сол қызмет – төраға орынбасары.

Жана жерде адам бәрін бұрынғымен еріксіз салыстырады. Аудандар мамандануы бойынша ұқсас еді. Шиелінің халқы 15-20 мыңға көп. Сондай-ақ Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев күріш өсірген «Қызыл ту», Еңбек Ері Ким Ман Сам еңбек еткен «Авангард» колхоздары болды. Шаруашылықтағы 11 адам жоғары атаққа ие екен. «Гигант» колхозын 20 жылдан астам Социалистік Еңбек Ері Леонтий Хан басқарды. Қазантаев ауданды аралаған сапарында халықпен, істің жай-күйімен етене танысты. Ең бастысы, іс барлық бағытта сәтті жүріп жатты. Алайда 30 мың тұрғыны бар поселкада Мәдениет үйі жоқ екен. Фильмдер көрсетілетін клуб, 70 адам сыятын теміржол клубы ғана бар. Мәселені Қоңекен аудандық кенестің сессиясында көтерді. Идея қабылдау тапты. Бірақ нысанды салу мен дегенде бес жыл уақытты талап етті. Бірақ процесс басталды. 1953-тің наурызында Сталин өмірден өткенде де құрылыс тоқтаған жоқ.

Ел тізгінін қолға алған Никита Хрущев барлық салада реформалар мен ауқымды жобалар бастаған. Әсіресе, ауыл шаруашылығында тың игеру мен жүгері шаруашылығын дамыту. Ал саяси салада КОКП-ның XXII съезінде Сталинге табынушылықты айыптады. Ол кездегі жағдайды бүгінгінің білген объективті және жан-жақты айту мүмкін емес. Анығы – билік сатысында жоғарылаған сайын, соғұрлым интрига көп. Ал зардабын тартатын қарапайым халық. Біз Қазантаевтың бұл саяси оқиғаларға қатысты жеке пікірін білмейміз. Болжай да алмаймыз. Бізге белгілісі – бұл оқиғалардың барлығы төрағаның халықпен байланысына да, кәсібилігіне де кері әсер еткен жоқ. Жүгері десе, жүгері! Өнеркәсіптік ауқымдағы жана саланы игеру оңай емес. Бірақ қоз – қорқақ, қол – батыр! Оған қоса, астық қабылдау пункті базасында жүгерінің дөңге айналдыратын цехтың құрылысы мен монтажі басталып кетті. Шаруашылықтарда сүрлемдік траншеялар бар, ол мал өсіруге өте пайдалы болып шықты. Күріш шаруашылығына келсек, мұнда да мәселе көп болды. Айтталық, тұқым шаруашылығында. «Краснодарский», «Кубань», «Узрос» сорттары жанартуды қажет етті. Аудан басшылығы тәжірибелік сорт жаңарту үшін Ыбырай Жақаев пен қызылордалық атақты селекционер Әнес Алтынбеков тандемін құру туралы шешім қабылдады. Ең бастысы – жана жылдарға келергі келтірмей, жемісті жұмысқа жағдай жасау. Қазантаев мұны жақсы түсінді. 1956 жылы ол атқару комитетінің төрағасы, Исатай Әбдікәрімов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды.

1957 жылдың қысы қатты болды. Қой фермаларына мал азығын жеткізу керек. Тракторлар қарға батып қалды. Төтенше жағдай шаруашылық басылар шақырылған аудандық партия комитеті бородының талқылауына шығарылды. Жағдай жан-жақты талқыланды. Сүт өнімділігі төмен, мал күйсіз, 50 мыңға жуық қой мен сиыр қар құрсауында.

– Ал қандай ұсыныстарың бар? – деп сұрады Исатай Әбдікәрімов.

– Тікұшақпен жем шашсақ қалай болады? – деді ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Жақсылық Ахметов.

– Бүкіл облыста он-ақ тікұшақ болса, 20-30 тікұшақты қайдан табамыз?! – деді бірінші хатшы. – Жолдарды аршуға бульдозер де жетпейсіңді. Тіркемелер қарға батып қалады.

– Бізге шаңғы сияқты бірдене керек! – дейді «Коммунизм» колхозының төрағасы, фин соғысына қатысушы Жәкен Ақмолдаев.

– Міне! Шана! – деп Әбдікәрімов орнынан тұрды. – Еңдеше, Қазантаев пен Ерлешбаев жолдастар, аудандық ауыл шаруашылығы техникасының бастығы, шана жасауға кірісіңдер...

«Кеңестің пішкен тон келіе болмас» деген осы. Бұл қарапайым әрі таңқар шешім болды. Ерте көктемде Қазантаевтың кабинетіне «Гигант» колхозының төрағасы Л.Хан келді. Өңгіме

Бүгінде КСРО келмеске кетті. Тәуелсіз Қазақстанның өз критерийлері мен марапаттары бар. Бірақ туған-туыстары мен достары ғана емес, орта және аға буын өкілдері өз көш-басшыларын іс-әрекеті, адамгершілігі, сезімталдығы, шынайы сөзі, риясыздығы қасиет мамандарды қалыптастырғаны үшін әлі күнге дейін сағына еске алады.

Тынышбек Дайрабайдың редакторлығымен шыққан «Мәңгілік ізін қалдырған» трилогиясына біріктірілген Қонысбек Қазантаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы үш кітапты және жүздеген басылымдарды оқып, фильмдермен таныстым. Қазі Данабаев, Еркін Әбілов, Сейітмұрат Ембергенов, Шығыс Айбысұнов, сауыншы-механизаторлар, обком хатшыларынан бастап көрініс қаламгерлерге дейін жүздеген кәуерлердің естеліктері әсер етті. Қазантаев бейнесінің біртұтастығы сонышалық, ол социалистік реализм көркем әдебиетінің кейіпкерлерінедей бейнеленген.

Қоңекеннің қайтыс боларынан алты жыл бұрын өз қолымен жазған ойлары да ерекше таңғалдырды. Он шақты бет қолжазба даналық дариасындай шексіз әрі терең. Оны шартты түрде «Хатшының архиві» десек болады. Мұның бәрі менің бұл кісі туралы білімімнің шекарасын айтарлықтай кеңейтті. Оны журналист ретінде 1978 жылдан бері білемін. Талап пен тәртіп, әділдік пен адалдық, еңбек пен ерлік, паймыл мен парасат, сұңғылалық пен саясаткерлік, қайраткерлік пен қарым-қабілетке ие болған тұлға туралы қалай айтып, қалай жазсақ та жарасарды.

Барлық жол халыққа бастайды

1923 жылдың қарашасы суық болды. Қар ерте түсті. Қармақшы ауылдық кеңесіне қарасты Қызылжарма ауылының жұрты күнделікті тірлігін кешіп жатқан. Төреш пен Қазынарын шыңарында үл дүниеге келгені туралы хабарға жұртшылық қуанды. Төртіңші балаға Қонысбек деген есім берілді. Осы жылдары халықтың көкейінде жанадан құрылған КСРО туралы бір үміт пен бір күдік бар еді. Болашақта елді не күтіп тұр? Теоретиктер мен саясаткерлер өздерінің билік еткен уақытын қалай атаса да, қарапайым адамдар лайықты өмірді армандайды. Қазантаевтар отбасы үшін де солай.

Шаруа баққан елдің ауыр тұрмысы айтпаса да түсінікті. Ауыл балалары ерте есейеді. Қонысбек те он жасынан еңбекке араласты. Алғашқы ұстаздары ауыл ақсақалдары еді. Олардың аузынан Қорқыт атадан тамыр тарқатқан бабалар даналығын ғана емес, Ленин, КСРО туралы естіп өсті. Бастауыш мектепте оқуды, жазауды үйренді. Ауыл станциясы аралап, пойыздар мен вагондарды, асем үйлерді көрген соң дүниенің өз қиялнан әлдеқайда кең екеніне көзі жетті. Көңілде қызығушылық, көкейт мәқсат пайда болды. Орта мектепті Қармақшыда тәмамдады. 15 жасында жер аударылған неміс, грек, көрейлердің ауданға қалай келгенін, ұжымдастыру, басқа да процесстердің қалай жүріп жатқанын көзімен көрді. Сол кезден мемлекеттік құрылым туралы ойлана бастайды. Зерделі жас қатарына қарағанда тез жетілді, білімге құштар болды.

Қонысбек 1939 жылы Қазалы педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Қызылорда облысының жанадан құрылған аудандарында тұрмыс жайлау түзеле бастаған. Алайда Ұлы Отан соғысының басталуы уақыт ағымын өзгертті. Ер азамат аудары ерікті түрде майданға сұранған Қонысбекті военкомат шақырды: «Әлі де үлгерісің! Есінде болсын, тыл да – майдан!» деп тоқтатты. Осылайша 1942 жылдың қантарында педучилищені бітірген қабілетті жас аудандық атқару комитетінің жалпы бөлімін басқаруға жіберілді. Кенестік-партиялық өмірбаяны осылай басталды. Көп ұзамай майдан шебіне де аттанды. Қазантаев 1942-нің қарашасынан 1945-тің қарашасына дейін II Прибалтика майданының 16-әскері-әуе армиясының құрамында бөлім командирі болып шайқасты. 1945 жылы наурызда КОКП мүшелігіне қабылданды. Әрине, оқырман сол жылдардағы жауынгер өмірі туралы көбірек білгісі келеді. Бірақ Қазантаевтың өзі: «Майдандағы өмір – үлкен және бөлек тақырып. Соғыс кезінде жаманды да, жақсыны да көрдім. Бірақ соны жазауға қол тимей жүр» деп жазаған екен. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін біз Подольск қаласындағы Орталық әскер тарихы архивіне хабарласқымыз келді. Бірақ содан кейін мәліметтер қажет емес деп шешті. Офицер Қазантаев жадымызда екінші дүниежүзілік соғыста жеңісті жақындатқандардың бірі болып қала бермек.

Елге оралған Қоңекен аудандық атқару комитетінің атқарушы хатшысы қызметіне кірісті. Жасампаздықтың, жана өмірдің уақыты келген еді. Тағдырдың жазуымен өмірінің бұл кезінде жазы Бағжанмен бірге қалам басты. Екеуі 55 жыл тату тірік кешіп, тағдырдың талай сыын бірге өткерді. Ақкеңже, Бегім, Мәншүк, Галымжан, Ғанибек сынды балаларды тәрбиелеп өсірді. 1948 жылы Алматыдағы екі жылдық Партия мектебіне оқуға жіберілді. Оқудан кейін аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Ауданда 40 мыңнан астам халық



АЗАМАТЫН АРДАҚТАҒАН АҚЖАРЛЫҚТАР

Тіршілікте жасаған ісі, қалған ізі өшпейтін, уақыт өткен сайын жаңғырып отыратын жандар бар. Олардың өнегесі көзқорғандардың айтуымен кейінгіге жетеді, ұрпақ жадына орнығады. Еңбектің қадірін ұғыну, елдің бірлігін ту ету туралы айтылғанда, халықты жақсы іске жұмылдырған адамдардың тағылым аларлық жолына үңілеміз.

Жарылқасын Байсалов Қармақшы ауданындағы «Ақжар» ауылының тізгінін қолына алған шақ қоғамның бір формациядан екіншісіне ауысқан аласапыран кезең еді. Жоспарлы экономиканың жылдар бойы қалыптасқан жүйелі жүйесі ыдыраған, нарықтық экономиканың не екенін ешкім түсінбейтін уақыт. Осындай қысылтаң сәтте Саратов ауыл шаруашылығы институтының түлегі, сол кездегі Шымкент облысы Сайрам аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Шымкент облыстық тәжірибе станциясы директорының орынбасары болған Ж.Байсалов туған ауылына оралды. Тәжірибесі толысқан, ұйымдастыру қабілеті кемеліне келген маман біз қазір айтып жүрген ауыл шаруашылығын артараптаңдыруды, кәсіпкерлікті, ауылдағы шағын өндірісті дамытуды сол тоқсаныншы жылдардың өзінде-ақ қолға алды. Ауылда 800 бас сиырға арналған кешен тұрғызды, Израильден сүт өнімдерін өңдейтін цех әкелді. Бұл жесір 11 түрлі сүт өнімі шығарылды. Үн дірменінен шығатын өнім сол қиын шақта тек ақжарлықтарды ғана емес, көрші ауылдарды да асырады. Ауыл шаруашылығы техникаларына арналған шеберхана, монша, өсімдік майы цехын ашты, оған қажетті шикізатты етуге арнайы жер бөлді. «Ақжардың» маңайындағы көлде қаз-үйрек бағып, құс шаруашылығын дамытты. Бұдан басқа да игілікті істерді үйлестіріп, сан саланы қамтыған қыруар тірлік атқарды.

Білікті, іскер басынның жасаған істерін «Ақжар» ауылының жұртшылығы ұмытпай өлі күнге дейін үлгі етіп айтып отырады. Биыл Қармақшы ауданының 95 жылдығы Жарылқасын Байсаловтың 80 жылдығымен тұспа-тұс келіп, ауыл өкімі Нұржамал Тұрсынбаева бастаған ақжарлықтар ардақты азаматты еске алуға арналған ілігі бастаманы іліп әкелтті. Егін-терім бітіп, диқан қауымының қолы босаған кезде «Өнегелі ісі өшпес естен» атты іс-шара ұйымдастыруды жоспарлады.

Өткен аптада Қармақшы ауданының 95 жылдығы мен нарықтық экономикаға негізделген технологияларды өз ауылына тұңғыш енгізген жаңашыл басы Жарылқасын Байсаловтың 80 жылдығы ағасын білдіретін, білімі мен білігін ел игілігіне жұмсаған жан еді. Оның туған ауылында өткен іс-шаралар ардақты аға еңбегіне көрсетілген құрмет пен берілген баға іспетті.

Дінмұхамед БАЙНАЗАРОВ, №28 орта мектептің тарих пәні мұғалімі. Қармақшы ауданы, «Ақжар» ауылы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылмалдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Жарамсыз деп есептелсін «Қайсар» Мектепке дейінгі жеке мекемесі (БСН 130340002865) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ГАЗ ТҰТЫНУДЫҢ ТАЛАБЫ КҮШТІ

Департамент мамандары әр аптаның сенбісінде Полиция департаменті қызметкерлері, волонтерлермен бірге профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Ол жылу беру маусымы кезінде өрттің пайда болуын, адамдардың қаза табуын және жаракат алу қаупі-қатерін болдырмау мақсатында қолға алынған.

Тұрақты түрде тұрғындармен кездесу ұйымдастырылуда. 434 тұрғын үйде өрт қауіпсіздігі талабының бұзылу жағдайы анықталған. Облыста 2019 жылдан бері тұрмыс төмен отбасыларға көмірқышқыл газын анықтайтын датчик орнату қолға алынды. Осы мақсатта облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан алынған тізімге сәйкес тұрмыс төмен, көпбалалы, жалғызбасты ана және мүгедектері бар 8243 отбасы есепке алынды. Олардың арасынан 7250 отбасына құрылғы орнатылған. 2022-2023 жылғы жылу беру маусымында сол датчиктер 2 рет дабыл беріп, 11 адамның өмірін сақтап қалуға сеп болды.

Жүргізілген жұмыстарға қарамастан 2021 жылдан бүгінгі күнге дейін тұрмыстық газ баллондарының жарылуы 5 рет тіркелген. Оқиға салдарынан 8 адам қаза болып, 9 адам жаракат алды. Оның басым бөлігі тұрмыстық газ баллонды шамадан тыс толтыру салдарынан тіркелді.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңның 28-бабы 5-тармағына сәйкес сұйытылған мұнай газын тұрмыстық баллондарда бөлшек саудада өткізуді балонның техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге міндетті газ толтыру пунктіннің иелері жүзеге асыруы тиіс.

Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың 129-тармағына

сәйкес стационарлық автогаз құю бекеттеріне автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды толтыруға қатаң тыйым салынады. Демек, бұл мәселеде талап күшейтілуі қажет.

Тағы да айта кететін мәселе, облыс аумағында орналасқан 12 білім беру объектісінің бу қазандығы негізгі ғимараттың ішіне немесе жапсарлас орналастырылған. Бұл – өрт қауіпсіздігі талабының өрескел бұзу. Мұндай жағдайлар Қармақшы, Шиели, Жаңақорған аудандарында кездесті, деп толықтырды А. Оразбеков.

Ал «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының апатты-диспетчерлік қызметінің басшысы Базарбек Ерімбетов «көгілдір отынды» пайдалануда улану сәйкес тұрмыс төмен, көпбалалы, жалғызбасты ана және мүгедектері бар 8243 отбасы есепке алынды. Олардың арасынан 7250 отбасына құрылғы орнатылған. 2022-2023 жылғы жылу беру маусымында сол датчиктер 2 рет дабыл беріп, 11 адамның өмірін сақтап қалуға сеп болды.

Қолдан жасалған пештерді, үйді жылыту үшін газ плитасын, су жылытатын газ

жабдығын және қазандықты жуытатын бөлмеге орнатуға болмайды. Газ жабдығының бітелуі, оқшауланбауы, герметикалық қосылмауы, техникалық қызмет көрсетудің болмауы өте қауіпті. Сондықтан түтін мұржалары мен желдету арнасын уақытылы тексеру және тазарту, газдан ажырату автоматикасы бар дабылқаққыштарды (сигнализаторларды) орнату қауіпсіздік көзі саналады, – деді ол.

Қауіпсіздік мақсатында мекеме қызметкерлері жыл соңына дейін 10 мыңнан астам жалдынама таратуды жоспарлап отыр. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі арқылы 112 нөмірі бойынша мәтіндік хабарламалар жіберу бастамасын қолға алды. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздік шараларымен ұдайы танысып отыруына үлкен мүмкіндік, – дейді «ҚазТрансГаз» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының техникалық-өндірістік бөлімінің басшысы Ислам Бектурганов.



Анақ Дегенбайұлы алынды.

ҚазТрансГаз Аймақ

Кім не үшін жауап береді? Көптептері тұрғын үйлерде, жеке сектор үйлерінде барлық газ жабдықтау шартты түрде екіге бөлінеді. Бұл қасбеттік газ құбырлары және қрандармен бірге кіреберістердің бойындағы көтергіштер, оларға техникалық қызмет көрсетудің өте иелерімен (кондоминиум нысаны) жасалған шарт негізінде мамандандырылған ұйым жүргізуі тиіс. Пәтер ішіндегі газ жабдығы (ВДО) – пәтерге/үйге тармақта қоса алғанда, бекітілген қраннан кейінгі барлық нәрсесі: бұл құбыр және қосылмау, плиталар, қазандықтар, су жылыту колонкалары, реттеуші және сақтандырыш арматура, үй-жайлардың газдануын бақылау жүйелері, газды есепке алу аспаптары. «Газ және газбен жабдықтау туралы» заң бойынша газ тұтынатын жабдықтау мен газ жабдықтауының техникалық жай-күйіне тұрғын үй-жайдың меншік иесі жауап береді.

НЕЛІКТЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАУ КЕРЕК?

Мамандандырылған ұйымдар жүргізетін пәтерлерде/үйлерде газ жабдықтау мен газ тұтыну жүйелерін үнемі тексеріп отыру және техникалық қызмет көрсету ақаулықты уақытында анықтауға мүмкіндік береді, яғни төтенше жағдайдың алдын алады. Есіңізде болсын, көптеген жағдайларда қайғылы оқиғалар дәл газ жабдықтауының ақаулығынан болады. ҚР заңнамасына сәйкес газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығының иелері техникалық қызмет көрсетуге шарт жасауға міндетті. Мұны арқим жасауы керек, өйткені өзіңіз 50 пәтер несінің 49-і иесі-шарт жасаса да, біреуі жасамаса, қауіпсіздікке кепілдік жоқ.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРАСТЫРАДЫ?

«Газ жабдығы қондырғысының және газ құбырларын төсеудің газбен жабдықтау жобасына және абоненттің қарточкасына сәйкестігін тексеру (көрнекі);

- \* газ құбырлары мен арматура қосылыстарының, тұрмыстық газ жабдығының аспаптық әдіспен немесе сабын эмульсиясымен герметикалығын тексеру;
\* газ жабдығының тұтастығы мен жинақталуын тексеру;
\* газ құбырларында орнатылған қрандардың жұмыс қабілеттілігін тексеру және майлау;
\* түтін және желдету каналдарында тартудың болуын, түтін каналы бар газ жабдығының жалпау құбырларының жай-күйін, жану үшін ауа ағынының болуын тексеру;
\* тұрмыстық газ жабдығының қауіпсіздік автоматикасының жұмысқа қабілеттілігін тексеру, оны бастау және реттеу;
\* оттықтарды ластанудан тазарту, жабдықтың барлық жұмыс режимдерінде газды жағу процесін реттеу;
\* газ жабдығының жекелеген тораптары мен бөлшектерін ауыстыру немесе жөндеу қажеттілігін анықтау;
\* газ қыздырғыштарында, жану өнімдерін түтін мұржасына жұмыс жіберетін, жабдықты тұтақтана дейін және кейін тартудың болуын міндетті тексеру туралы ескертетін аспаптарда арнайы тақтайшалардың болуын тексеру;
\* тұтынатын газдың тұрмыстық газды қауіпсіз пайдалану ережелері бойынша нұсқаулық;
\* шақпақты реттеу пункттерін, газ құбырларын коррозиядан қорғау қондырғыларына қызмет көрсету (олар болған жағдайда).

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫН ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ МІНДЕТІ

- \* газ жабдықтауын пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету;
\* газ жабдығы, түтін және желдету арналары ақаулы болса, газ иесі пайдалы, газды пайдалануды дереу тоқтатып, газ тарту, газ желісі ұйымның арнайылық қызметіне хабарлануы;
\* газ қыздырғыштарында, жану өнімдерін түтін мұржасына жұмыс жіберетін, жабдықты тұтақтана дейін және кейін тартуды қамтамасыз ету;
\* Орындалушының өкіліне (куәлікті көрсеткен кезде) газ жабдығына және тексеру үшін баспалдақ қрандарына сонымен қатар жөндеу қажет болған жағдайда, ал апаттық жағдайларда тәуліктің кез келген уақытында қолжетімділікті қамтамасыз ету. Орындалушы техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кезде газданатын объектіге тек газ жабдықтау жобасының (атқарушылық-техникалық құжаттаманың) көшірмесін ұсын-

- \* өз бетінше газдандыру, қайта монтаждау, монтаждау, бөлшектеу бойынша жұмыстарды жүргізу және жүргізуге жол бермеу, құрылымды өзгерту және газ жабдықтауын, түтін және желдету арналарын жөндеу (оның ішінде ауыстыру) болмайды;
\* газ жабдығының алдындағы және электр өткізгіштерде (көтерініштерде) кіреберістері қрандардың орналасу орнында бөгемеу;
\* газ жабдығын қауіпсіз пайдалану бойынша бұзушылықтарды жою бойынша Орындалушының нұсқамаларын орындау;
\* бес жұмыс күні ішінде Орындалушы техникалық қызмет көрсетуге жататын жабдықтау санының өзгеруі туралы хабарлау;
\* Орындалушы газ тұтыну жүйелеріне, газ жабдығына қолжетімділік берілмеген жағдайда, газ тұтыну жүйелерінің жөндеу техникалық жай-күйі үшін ТҰТЫНУШЫНЫҢ өз жауапты болады.

ҚАНДАЙ ҰЙЫММЕН КЕЛІСІМ ЖАСАЛАДЫ?

ҚР заңнамасына сәйкес техникалық қызмет көрсету шартын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестатталған кез келген мамандандырылған ұйыммен жасау қажет.

ЕГЕР КЕЛІСІМ-ШАРТ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ БОЛАДЫ?

Мамандандырылған ұйымның қызметкерлері пәтерлерде/үйлерде газ жабдықтың жарамдылығын тексереді. Тұрғындар өздеріне ғана емес, жақындарына, үй иелеріне де қауіп төндірмей. Газ жеткізуші өткерілетін үйлерде газ жабдықтың жарамдылығын және оны пайдалану қауіпсіздігін растайтын құжат жаз. Тұтынудың техникалық қызмет көрсету шарты болмаған кезде газбен жабдықтау жүйелерін ажырату.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы

Advertisement for KazTransOil featuring 'ESKERTU' (Warning) and 'ХАЛЫҚТЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА' (Attention of public organizations). It lists safety rules for gas usage and contact information for the company.



# Механизатор



Казан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылорда облысына келгені белгілі. Осы сапарда Президент ең алдымен, Сырдария ауданындағы Нағи Илиясов ауылының тіршілігімен танысты. Былтыр ғана бой көтерген елді мекен ішіндегі «Еңбек алғашында» еңбек адамдарымен жүздесіп, Қазақстанның өркендеуі жолында ауызбіршілік танытып, еңбек етуге шақырды.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

Сол кездесуде Қасым-Жомарт Кемелұлы «Шын мәнінде, еңбек адамдары халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер осы ақ күршінің атасы – Бйырай Жақаевтың жолын жалғап жүрсіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын» деген еді.

Н.Илиясов ауылында Президентпен кездескен еңбек адамдарының арасында жастар да болды. Соның бірі – Шаған ауылының тұрғыны Айбек Уәлиев. 25 жастағы жігіт өз ауылындағы «Шаған Жер» ЖШС-да механизатор болып еңбек етеді.

Бұл кездесу маған үлкен қанат бітірді десем болады. Әсіресе, Мемлекет басшысы жастарымыздың еңбекқор, ұқыпты, отансүйгіш болуы керек екенін және оларға арқашан қолдау көрсетілетінін атап өтті. Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалатынын, сондай-ақ кәсіпкерлерді аяулы қолдауға шақыратынын жеткізді. Расымен, қазір ерінбесен, талаптансаң, ауыл ішінде де көп жетістікке жетуге болады. Мен жоғары оқу орнын бітіргелі тұған ауылым – Шағандамын. Шаруашылықта механизатор болып, күзде қолбайн жүргіземін. Ал көктем басталысымен

трактор руліне отырып, жер жырту жұмысына қатысамын. Осылайша туған еліме титтей болса да қолғабыс тигізгеніме қуанамын, – дейді ол.

Айбек 2015 жылы мектеп бітіріп, Қорқыт ата атындағы университеттің «Аграрлық техника және технологиялар» мамандығы бойынша білім алған. Нағыз ауыл шаруашылығына керекті кәсіпті менгерген оны өз ұжымы да мақтан тұтады.

Айбек шаруашылықта 4 жылдан бері еңбек етіп келеді. Өзі ісіне тиянақты. Жауапкершілікке мығым. Егін өзгесі немесе жинау маусымында өзіне жүктелген міндетті толығымен орындап келеді. Өз басым келешекте осындай жас жігіттерден көп үміт күтемін. Жалпы біздің серіктестікте кейінгі жылда жастар қатары көбейіп келеді. Бұрынғыдай емес, қазір ауыл шаруашылығы саласына олардың қызығушылығы бар. Әсіресе, күрші егуге, техникаға бейімделіп, трактор, жатқа, қолбайн жүргізуді үйренгісі келетіндер жеткілікті. Биыл біз 11 адамды Қызылорда қаласындағы И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық колледжге оқуға түсірдік. Оның ішінде агроном, механизатор, вет-техник сияқты мамандықтарға баса мән бердік. Алдағы жылы да шаруашылықтағы қызметкерлерді қосымша оқытамыз деген жоспар бар, – дейді «Шаған Жер» ЖШС директоры Жәнібек Сыздықов.

Расымен де өзгелердей емес, өз ауылына оралып, туған жерді тәулетуге атсалысқан Айбектей азаматтың мұндай құрметті болуының басты себебі біреу-ақ. Ол – еңбек. Ал еңбек адамын құрмет тұту үзілмес үрдіске айналды тиіс.

Сырдария ауданы

Үлкендер көзімен көрген, қолданған бұл құрылғыны қазіргі буын біле қоймас. Дегенмен көнені көзіндей сақтайтын музей бар ғой. Осындай машинканың бізде екі түрі бар. Оған қызыға қарайтын бала көп. Тарихпен сусындасын деп жылжымалы көрмелерге шығарып тұрамыз.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

## Баспа машинасы

### ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Ол – пернелер жиынтығымен жабықталған механикалық, электромеханикалық немесе электронды-механикалық құрылғы. XIX-XX ғасырларда кеңінен қолданылды. Қазір жазу машиналары қолданыстан шығып қалды. Оның жұмыс принципі – металл немесе пластикалық литерлері бар арнайы тұтқалардың көмегімен қағазға таңба басу. Тіксіз пернені басқан кезде, рычаг сияға малынған таспаны ұрады, осылайша жеткізілетін қағазға литераның ізін қалдырады. Келесі таңбаны басып шығармас бұрын, парақ автоматты түрде жылжиды. Бір құжаттың бірнеше көшірмесін басып шығару үшін парақ арасына көшірме қағаз қолданылады.

Механикалық жазу машинасының тарихы үш жүз жылдан асады. Алғаш рет мұндай машинаның патентін 1714 жылы Англия патшайымы Анна Генри Миллге берген болатын. Өнертапқыш тек машинаны ғана емес, сонымен қатар таңбаларды қағазға дәйекті түрде басып шығару әдісін де патенттеді. Алайда оның өнертабысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат, сондай-ақ машинаның нақты жасалуы мен қолданылуы туралы мәліметтер сақталмаған. Тек 100 жылдан кейін адамдар тез басып шығару мүмкіндігіне қайта қызығушылық танытты. Шамамен 1808 жылы көшірме қағазының өнертапқышы ретінде белгілі Пеллетрино Турри өзінің баспа машинасын жасады. Оның өнертабысы туралы мәліметтер бүгінде белгісіз, бірақ оны құрылғыда басылған мәтіндер біздің уақытқа дейін сақталған. 1868 жылы 23 маусымда Висконсин штатындағы Кристофер Лэтхэм Шоулз өзінің жазу машинасын патенттеді.

Уақыт өте келе, жазу машинкасы бүкіл әлемді жаулап алды және кәсіпорындардың бәрі өздерінің құжат айналымын осы құрылғы арқылы жүзеге асыра бастады. Бүгін біз Г.Мұратбаевтың мемориалдық музейінің

негізгі қорында сақтаулы тұрған «Ятрань» және «М.Э.П.М. 8 м» модельді баспа машинкасы туралы айтамыз.

«Ятрань» маркалы жазу машиналары Кировградта 1975 жылдан 1995 жылға дейін шығарылды. Осы каладағы Ятрань өзенінің құрғағанына аталған. XX ғасырдың аяғында КСРО-да кезектік топонимиканы мәңгілікке қалдыру үшін машиналарға өзендердің, қалалардың, республикалардың атын беретін болған.

Заяуытта машиналардың әртүрлі модельдері жасалды. Олардың кейбіреулері алюминий корпусымен, ал басқалары пластиктен жасалған. Қаретқасы ұзын, орташа немесе қысқа болуы мүмкін. Көптеген модельдер кириллицамен жазылды: олар орыс, украин, беларус және қазақ тілдерінде басылып шығарылды. Неміс, латын және литва тілдерінде басып шығаруға да мүмкіндік бар.

«Ятрань» машинкасының негізінде шарттарды шрифті тасымалдағышы бар «Ятрань-С» нұсқасы жасалды. Бұл модельдің ерекшелігі, мысалы, американдық «BM Selectric» машинкасынан айырмашылығы, басып шығару кезінде шарт емес, қаретқасы қозғалады. Дизайнының артықшылығы, өлшемдерін өзгертіп кез келген рұқсат етілген ені бар қаретқа орнатылады, сонымен қатар стандартты табуляторды қолдануға болады. Сондай-ақ, заңиптарға арналған «Брайль» шрифтімен «Ятрань» моделі шығарылды.

Біздің музейіміз жазу машинасының екінші түрінде ақ әріптер мен белгішелер салынған қара пернелері, жоғары қатарда тыныс белгілері мен сандар бар. Келесі үш қатарда әріптер. Ең төменгі қатар бос орын пернесіне арналған. Екі жағында екі перне бар, олардың көмегімен регистрді өзгертеді. Корпустың жоғары жағында қаретқа орналасқан, оның құрамына қағаз білігі, сызығыш, роліктік жылжытуға арналған түймелер және баспа таспасы үшін орын кіреді. Бұл электрлі баспа машинасы жұмысты бастау үшін розеткаға қосылады.

Бір қызығы, баспа машинасымен әріп тергенде қатерге өлі алдырмау қажет. Себебі қазіргідей заманауи пернетақтамен өшіру батырмасын баса алмайсыз. Көненің кезіндегі болған жазба машинасының тарихтағы орны ерекше болып қала бермек. Себебі, қазіргі пернетақтар сол баспа машинкаларынан бастау алды емес пе?

Жұлдыз ЕРБОЛҚЫЗЫ,  
Г.Мұратбаевтың мемориалдық музейінің қор сақтаушысы

### ДЕНСАУЛЫҚ

## КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ

Көпбейінді облыстық аурухананың білікті дәрігерлері жоғары технологиялық медициналық қызмет (ВТМУ) түріне кіретін күрделі отаны сәтті жасап шықты.

1983 жылы туған науқасқа үлкен емізікке ісіне аса күрделі ота жасалды. Ол «Гастро-панкреатодуоденалды резеция. D2 лимфо-диссекциясы» деп аталады. Отаға аурухана бас дәрігері, білікті хирург Жасулан Баймаханов, ассистент Ербол Серікұлы, Әсет Жалмағанбетов және анестезиолог Мақсат Әбдібахив, мейіргер Айсулу Бекқожа қатысты.

Науқас бұған дейін аурухананың терапия бөлімінде жатып, тексеруден өтті. Тексе-

ру нәтижесінде асқазанында қатерлі ісік бар екені анықталды. Жан-жақты зерттей келе ота жасауды ұйғарды. Іш құрылысына жасалатын күрделі ота барысында асқазанның бір бөлігі, өт жолы, өт қалтасы, ұйқы безінің бас жақ бөлігі алынып, ішекке жалғанды. Бұған дейін мұндай ота жасалғанымен, біраз уақыттан бері тоқтан қалған. Енді қайта қолға алатын боламыз. Қазіргі кезде науқастың жағдайы тұрақты, тамақ ішіп жатыр. Екі-үш күнде үйіне шығарамыз, – дейді Ж.Баймаханов.

«СБ» ақпарат

### ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

## ШЕРЛОК ХОЛМС ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕДІ

Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың туындысы әлем әдебиетіне жаңа бағыт әкелді. Әсіресе, Шерлок Холмс туралы детектив жанрындағы әңгімелер тізбегі Конан Дойлдың Англияға ғана емес, әлемге танымал жазушы қатарына қосты.

Автордың Шерлок Холмстың детективтік бейнесін ерекше ашқан туындысы – «Баскервильдер иті». Жуырда аталған шығарманы әріптесіміз, облыстық «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары Еркін Шамшадин аударып, кітап «Фоллиант» баспасынан жарық көрді.

Қазақтілді оқырманға жол тартқан туынды шытырман оқиға мен көркемдік шешімге толы. Әсіресе, ағылшын тұрмыстық мәнері, ғылыми ақпар, сезімдер арпалысы шебер жеткізілгені байқалды.

Оқиға сюжеті жұмбақ жағдайда қала тапқан Чарльз Баскервильдің өлімін тергеуге негізделген. «Шайтан иттің» шырмауына түскен



әулеттің қорқынышы, ырым-тайымға сенгіш жұрт әрекеті баяндалып, Шерлок Холмс пен Уотсон дәрігердің із кесу әдісі айтылады.

Еске салайық, шығарма алғаш рет 1901 жылдың тамызынан 1902 жылдың сәуіріне дейін британдық «Strand» журналында жарияланған. Бұған дейін ағылшын, орыс тіліндегі нұсқасы тарағанымен, аталған шығарма қазақ тіліне алғаш рет аударылды.

«СБ» ақпарат



## ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫНА СОҚҚЫСЫ

Таяу Шығыстағы қақтығыстың әлем экономикасына соққысы оңай болмайтын тәртізді. Шилеленіс ері қарай жағдаса берсе, мұнай бағасы 75 пайызға дейін қымбаттауы мүмкін. Дүниежүзілік банк сарапшыларының болжамы туралы 24.kz хабарлады.

Егер мұнай қымбаттаса, онда азық-түлік бағасы да өседі. Мұнай нарығында баға дағдарысының туындауы көптеген дамушы мемлекетте инфляцияның өсуін жеделдетеді. 2022 жылдың аяғында 700 миллионнан астам адам, яғни, Жер халқының 1/10 бөлігі, тамақ тапшылығынан зардап шекті. Таяу Шығыстағы қақтығыс тек осы аймақта ғана емес, бүкіл әлемде азық-түлік тапшылығын тудыруы мүмкін, – дейді Дүниежүзілік банк бас экономисінің орынбасары Айхан Косе.

Бұл ретте банк сарапшылары 3 мысалды ұсынады. Бірінші, 2011 жылғы Ливиядағы азаматтық соғыс кезінде «қара алтынның» құны барель үшін жүз доллардан асқан. Екінші, 2003 жылғы Ирактағы соғыс. Мұнайдың бір баррелі 121 доллардан саудаланды. Ал үшінші мысал – 1973 жылғы Таяу Шығыстағы қақтығыс. «Шилеленіс дәл осы 3-сценариймен өрбесе, мұнай құны 75%-ға дейін қымбаттап, баррелі 157 доллар тұруы мүмкін» дейді сарапшылар.

## ЗАҢНАМА ҚАТАЙТЫЛАДЫ

Оңтүстік Корея әлеуметтік желілер жұмысын реттейтін заңнаманы қатаңдатқалы отыр. Бұл туралы 24.kz хабарлады.

Жалпы Оңтүстік Кореяда әлеуметтік желілерге бақылауды күшейту мәселесі бұған дейін де көтерілген. Елде жасөспірімдер арасында суицид көбейген. Балалар уақытын ұялы телефонмен планшетка үнілумен өткізеді. Көпшілігінде көру қабілеті нашарлаған. Заңнаманы қатайтуға тағы бір себеп жақында Сеулдің Каннам ауданында студент тура тікелей эфир кезінде көпқабатың үйін төбесінен секіріп кеткен. Осы оқиғадан кейін тағы 3 жасөспірім биіктен құлап қайтыс болды. Психологтар бұл құбылысты «Вертер» эффектсі дейді.

Оңтүстік Кореяда әлеуметтік желінің тікелей эфирі арқылы хабар тарату заңмен реттелмейді. Бірақ өлімге итермелейтін ақпарат таратқандар 2 жылға сотталуы немесе 15 мың доллар айыппұл төлеуі мүмкін. Оңтүстік Корея Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін елдер арасында суицид саны бойынша алдыңғы орында. Кейінгі 20 жылда жасөспірімдер арасында өзіне қол салғандар 5 есе өскен.

## TIKTOK-қа ТЫЙЫМ САЛЫНА МА?

Испания парламенті TikTok әлеуметтік желісін шектеуі мүмкін, деп хабарлайды «Хабар 24».

Әсіресе оқушылар мен мемлекеттік қызметкерлерге оны шектеуге тыйым салынбақ. Ел парламенті «Бұл ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет» дейді. TikTok – кейінгі жылдары жастар арасында кеңінен танымал болған платформалардың бірі. 150 елде, 75 тілде қызмет көрсететін қосымшаны 2020 жылдың өзінде бір миллиардтан астам қолданушы жүктенген. Кейінгі жылдары Еуропадағы Белгия, Дания, Франция, Германия және Чехия мемлекеттік қызметкерлер, парламент қызметкерлері мен әскер арасында кеңінен танымал болған платформалардың бірі. Жаңа жылдан кейін бұл елдердің қатарына Испания қосылуы мүмкін.

## Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!



Құрметті оқырман! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы ері ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдап болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-жыныс жолдарындағы қабынды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеті, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрындары жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон номері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе [www.saukykty-n-syry.kz](http://www.saukykty-n-syry.kz) сайты арқылы. Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі теңі!

### Тіімді ұсыныс!

«ПРОСТАТИНОР» өнімiне

**-30%** жеңiлдiкпен тапсырыс берiңiз!

Тұтынушы пiкiрi:

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижесімен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шынымен айтсам. Операцияға делі, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсына алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрметті ағамыз! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижесімен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шынымен айтсам. Операцияға делі, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсына алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!